

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Кошаков Канат Сирлибаевич**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ІРІ ҚАЛАЛАРДЫ БАСҚАРУ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба  
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы бойынша

Ғылыми жетекші: \_\_\_\_\_ Исабаева С.Б., PhD.

Жоба қорғауға жіберілді: «\_\_» \_\_\_\_\_ 2023 ж.

Басқару институтының директоры \_\_\_\_\_ Гаипов З.С., с.ғ.д.

Астана, 2023

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....</b>	<b>8</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>36</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>38</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>41</b>

## Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

– 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.

– 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі.

– Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 1 қаңтардағы «Агломерацияларды дамыту туралы» Заңы.

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Заңы.

– Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңы.

– Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» Заңы.

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы.

– Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы.

– Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» № 636 Жарлығы.

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын бекіту туралы 2021 жылғы 12 қазандағы № 729 қаулысы.

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Астана қаласының бас жоспары туралы» 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысы.

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Алматы қаласының бас жоспары туралы» 2023 жылғы 3 мамырдағы № 349 қаулысы.

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының бас жоспары туралы» 2016 жылғы 31 қазандағы № 643 қаулысы.

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін бекіту туралы» 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 қаулысы.

– Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істер комитеті төрағасының «Қалалардың кешенді құрылыс салу стандарты» Қазақстан Республикасының әдістемелік құжатын бекіту туралы № 134-нқ бұйрығы.

## Белгілеулер мен қысқартулар

ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР ПӘ	- Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
ҚР ҮА	- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты
ҚР МҚІА	- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
ММ	- Мемлекеттік мекеме
АҚ	- Акционерлік қоғам
ОМО	- Орталық мемлекеттік орган
ЖАО	- Жергілікті атқарушы орган
БҰҰ	- Бірікке Ұлттар Ұйымы
ЕО	- Еуропалық Одақ
РФ	- Ресей Федерациясы
АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
МИБ	- Мүлік иелерінің бірлестіктері
ПИК	- Пәтер иелерінің кооперативтері
ТДМ	- Тұрақты Даму Мақсаттары

## **Кіріспе**

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Магистрлік жоба Қазақстан Республикасындағы ірі қалаларды басқару ерекшеліктері, оның ішінде урбанистика мәселелерін зерттеуге арналған. Зерттеу аясында проблеманың алғышарттары мен оларды шешу жолдары енгізілген.

**Зерттеудің өзектілігі.** Елімізде ірі қалаларды басқаруда әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерден бөлек, инфрақұрылымдық, оның ішінде жайлы орта сапасын қалыптастырып, дамыту маңызды мәселе болып табылады. Бірінші кезекте «урбанистика» терминін анықтау қажет. Урбанистика архитектура немесе қала құрылысы емес. Қала – бір-бірімен тығыз байланысқан бірнеше бірліктен тұратын күрделі жүйе. Дәл осы байланысты урбанистика ғылымы зерттейді [1].

Урбанистиканың үш бағыты бар. Оның алғашқысы қаланың сыртқы формасы мен композициялық құрылымына, екіншісі қала инфрақұрылымына, яғни көлік, экономика және қаланың дамуына байланысты. Үшіншісі қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайына, олардың қала құрылымын жоспарлауға атсалысуына бағытталған [1].

Урбанистика әрбір қала тұрғыны түсіне алатын ортақ мүдде секілді. Бұл мүддені мемлекеттік қызметшілер, қоғам белсенділері, кәсіпкерлер, жергілікті жұртшылық және т.б. жетілдіре алады. Олар жайлы ортаны көркейтуге және өмір сүруге қолайлы етуге үлес қосады. Кез келген тұрғын урбанист бола алады. Нақтырақ айтқанда, урбанист қала құрылысының жобасына, сәулетіне, адамдарға қолайлы ортаны қалыптастыруға атсалысады. Жалпы урбанистика билік үшін қаланы басқаруды оңтайландырып, халықпен жақындастырады. Қалада көлік қозғалысы, тазалық, қоғамдық кеңістік, абаттандыру, көгалдандыру мәселелеріне қатысты шешім ұсынады немесе оны жүзеге асырады. Мәселен еліміздің тұңғыш мегаполисі Алматыда Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы бар. Бұдан бөлек, Алматы қаласында осы бағытта «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ жұмыс істейді. Миссиясы – әлемдегі ең үздік тәжірибе мен әдістерге сүйене отырып, Алматыны тұрақты дамыту, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу. Аталған орталықта цифрлық кеңістікті қалыптастыру мен дамытуды көздейтін Цифрландыру кеңсесі, қаланы дамытудағы негізгі көрсеткіштерді бақылаудың автоматтандырылған ақпараттық-сараптамалық жүйесі – Ахуалдық орталық, жайлы қалалық ортаны дамыту мәселелерін зерттеумен айналысатын Урбанистика орталығы қызмет етеді. Бұл Алматыда урбанистиканы дамыту нақты жолға қойылғандығының белгісі.

Жалпы тұрғындар қалада урбанистиканы дамыту бойынша түрлі сауалдар көтереді. Мысалы, жұртшылық диодты жарық көздерін орнтауды, қоғамдық саябақтар санын көбейтуді, бағдаршамдарда шығаратын дыбыс динамикаларын іске қосуды, жерасты өткелдерінде бірнеше бейнебақылау камераларын қоюды сұрайды. Сонымен қатар, азаматтық бастамалар да жүзеге асып жатыр. Соның мысалы ретінде «Urban Talks» және «Urban Forum Kazakhstan» секілді алаңшаларды атап өтуге болады. Бұл – тәуелсіз диалог алаңшасы. Оған түрлі

халықаралық сарапшы, сала мамандары, қала тұрғындары, кәсіпкерлер, ЖАО өкілдері жиналып, жайла ортаны дамыту мәселелерін талқылап, қоғам белсенділерінің бастамаларына қолдау көрсетеді. Осыған орай қалаларды дамыту бойынша әртүрлі байқаулар ұйымдастырылып келеді.

Қазақстанда 87 қала бар болса, оның ішінен 21 қалада 100 мыңнан астам халық бар. Қазақстан халқының 58,7% қалаларда тұрады. Қазақстан халқының жылдық өсімі 1,3% құрайды, бұл 102 мың адамға тең болса, оның ішінде 2,3% қала тұрғындарының жыл сайынғы өсімі шамамен 240 мың адам. Ірі қалалардағы халықтың жыл сайынғы өсімі 4,7% құрайды: Астана –60 мың, Алматы – 65 мың және Шымкент – 30 мың адам. Ірі қалалар урбанистикасын дамытудың жаңа тәсілі урбанизация процесін басқаруға, «көші-қон толқындарының» кезеңдеуіне, үлкен қалалардағы халықтың көптігі мен әлеуметтік шиеленісті болдырмауға көмектеседі [2].

Магистрлік жобада Астана мен Шымкент қалаларының жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға әсер ететін мәселелердің талдауына ерекше назар аударылып, сол мәселелердің шешу жолдарын табу көзделген. Себебі жаяу жүргіншілерге ыңғайлы ортаны ұйымдастыру – бұл урбанистік дамудың және адамдар қауіпсіз және ыңғайлы жүре алатын қаланы құрудың маңызды аспектісі.

**Жобаның мақсаты.** Жаяу жүргіншілерге қолайлы орта жасауды жетілдіру үшін ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

**Жобаның міндеттері:**

- Жаяу жүргіншілерге арналған қолайлы ортаны қалыптастыру бағытында ЖАО қызметін зерттеу;

- Халықтың қанағаттану деңгейінің өсуі бойынша ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу объектісі.** Астана мен Шымкент қалалары мысалындағы урбанистиканың ағымдағы жағдайын қарастыру болып табылады.

**Зерттеу нысаны.** Астана мен Шымкент қалаларындағы жаяу жүргіншілерге арналған қолайлы ортаны ұйымдастыруды қарастыру болып табылады.

**Зерттеу гипотезасы.** Жаяу жүргіншілерге арналған қолайлы ортаны қалыптастыру барысында отандық және шетелдік тәжірибені қолдану арқылы жергілікті қала тұрғындарының қанағаттану деңгейін арттыру.

**Зерттеу әдістері.** Мәселені зерттеу үшін сараптамалық сұхбат және сауалнама жүргізу әдістері қолданылды.

**Күтілетін нәтижелер.** Қала тұрғындарының озық, заманауи үлгіде жасалған қолайлы, қауіпсіз ортада өмір сүру, жаяу серуендеу арқылы жергілікті билікке оң көзқарасының деңгейінің өсуі және сенімнің артуы.

**Зерттеу ғылыми жаңалығы.** Жаяу жүргіншілерге арналған қолайлы орта жасауды жетілдіру үшін отандық және әлемдік тәжірибеге жүгіну арқылы ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

**Тәжірибелік маңыздылығы.** Дайындалған ұсынымдарды мүдделі тараптар қолданыла алады.

**Жарияланым.** «Қазақстан Республикасының өңірлерін, оның ішінде ірі қалаларды басқаруды мемлекеттік реттеу: ақиқат және менің көзқарасым»

*(Амстердам қ. «SCIENCE: DEVELOPMENT AND FACTORS ITS INFLUENCE» халықаралық ғылыми және практикалық конференциясы).*

**Әдебиетке шолу**

Ірі қалаларды басқару шешілуі қажет міндеттердің ауқымына, күрделілігіне және әртүрлілігіне байланысты бірқатар ерекшеліктермен сипатталады. Ірі қалаларды басқарудың кейбір ерекшеліктері:

**Масштаб:** ірі қалаларда әдетте халық көп, кең аумақ және күрделі инфрақұрылым бар. Мұндай қалаларды басқару көптеген азаматтардың қажеттіліктері мен мүдделерін ескеретін стратегияларды әзірлеуді және іске асыруды талап етеді.

**Әртүрлілік:** ірі қалаларда әртүрлі әлеуметтік, экономикалық және мәдени топтар қатар өмір сүреді. Басқару осы әртүрлілікті ескеріп, барлық тұрғындар үшін тең мүмкіндіктер мен ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, инклюзивті мен әділеттілікке ұмтылуы керек.

**Инфрақұрылым:** ірі қалаларда көлік жүйелері, сумен жабдықтау, энергетика, қоғамдық қызметтер және басқаларын қамтитын күрделі инфрақұрылым бар. Басқару тұрақты даму, экологиялық үйлесімділік және тәуекелдерді басқару сияқты өсіп келе жатқан қажеттіліктер мен қиындықтарды ескере отырып, осы инфрақұрылымның тиімді жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз етуі керек.

**Жұртшылықтың қатысуы:** ірі қалаларды басқарудың маңызды ерекшелігі – азаматтарды шешім қабылдау мен жоспарлау процесіне тарту. Демократиялық тетіктер, қоғамдық кеңестер және тұрғындармен диалог қалалық басқарудың заңдылығы мен тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды құралына айналуда.

**Міндеттердің кешенділігі:** ірі қалаларды басқару экономикаға, әлеуметтік салаға, көлікке, тұрғын үй құрылысына, экологияға, мәдениетке және қала өмірінің басқа аспектілеріне байланысты әртүрлі міндеттерді шешуге кешенді көзқарасты талап етеді. Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру үшін әртүрлі секторлар мен мүдделі тараптарды үйлестіру қажет.

Ірі қалаларды басқару – бұл қала, азаматтық қоғам, жеке сектор және басқа да мүдделі тараптар арасындағы тиімді ынтымақтастықты қажет ететін күрделі және көпқырлы процесс. Ол сондай-ақ икемді және ірі қалалардың алдында тұрған өзгермелі жағдайлар мен қиындықтарға бейімделе алуы керек.

Оның ішінде жаяу жүргіншілер үшін қолайлы орта құрудың халықаралық тәжірибесі бай және алуан түрлі. Әлемнің әртүрлі елдері мен қалаларында жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын жақсарту және жаяу жүргіншілер үшін жағымды және қауіпсіз орта құру үшін шаралар қабылданды. Халықаралық тәжірибенің бірнеше мысалдары:

– Копенгаген, Дания: Копенгаген көбінесе жаяу жүргіншілерге арналған ең жақсы қалалардың бірі деп аталады. Мұнда кең аяқжолдар құрылды, демалыс аймақтары, велосипед жолдары және жаяу жүргіншілер көшелері жабдықталған. Қала жаяу жүргіншілерге ыңғайлы және қауіпсіз жағдай жасай отырып, велосипедтер мен жаяу жүргіншілердің ұтқырлығын белсенді түрде насихаттайды.

– Богота, Колумбия: Боготада «Ciclovía» бастамасы енгізіліп, онда демалыс және мереке күндері кейбір көшелер көліктерге жабылып, жаяу



жүргіншілер мен велосипедшілерге ашылады. Бұл жаяу және велосипедпен белсенді қозғалысты ынталандырады және адамдар үшін жайлы орта жасайды.

– Стокгольм, Швеция: Стокгольмде жаяу жүргіншілер аймақтарын құру, тротуарларды кеңейту және жалпы жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын жақсарту бойынша жүйелі іс-шаралар өткізіледі. Қала сонымен қатар жаяу жүргіншілерге ыңғайлы және қауіпсіз жағдай жасау үшін жаяу жүргіншілер жолдары мен қоғамдық кеңістіктерді белсенді түрде дамытуда.

– Барселона, Испания: Барселонада «Суперблоктар» (Superblocks) тұжырымдамасы енгізіліп, ол автокөліктердің қозғалысы үшін кейбір орамдарды жауып, оларды көгалдандыру, саябақтар және қоғамдық кеңістіктері бар жаяу жүргіншілер аймақтарына айналдыруды көздейді. Бұл жаяу жүргіншілер үшін ыңғайлы және сау қалалық ортаны құруға ықпал етеді.

Бұл жаяу жүргіншілерге ыңғайлы орта құрудағы халықаралық тәжірибенің кейбір мысалдары ғана. Әлемнің әртүрлі елдері мен қалаларында қалаларды жаяу жүргіншілерге ыңғайлы ету және олардың күнделікті өмірде белсенді қолданылуын ынталандыру үшін әртүрлі тәсілдер мен инновациялық шешімдер қолданылады.

Оның ішінде бүгінгі таңда урбанистика Қазақстандағы маңызды тақырыптардың біріне айналды. Қалаларымыз ұдайы өзгеруде және онда жаңа көрнекі орталықтар мен мәдени кодтар қалыптасуда. Сондықтан, қалалардың урбанистикасы бойынша Сторпер, Варламов, Садик-Хан, Гейл, Монтгомери секілді бірқатар авторлардың әдебиеттерімен танысқан жөн.

Илья Варламов пен Максим Кацтың «100 советов мэру» кітабы – қала әкімдері мен қала әкімшіліктеріне арналған әдістемелік кеңестер мен кеңестер жиынтығын ұсынатын танымал басылым. Илья Варламов – ресейлік блогер, публицист және қоғам қайраткері, Ресей, Қазақстан (оның ішінде Астана, Алматы және Түркістан қалалары), Өзбекстан және т.б. елдердегі саяхаттары барысында қалалық орта мәселелеріне назар аударуымен танымал. Бұл кітап – жоғарыда аталған авторлардың нақты бақылаулары мен тәжірибелеріне негізделген ұсынымдар жиынтығы. И.Варламов абаттандыру, көлік инфрақұрылымы, білім беру, мәдениет, экономика және тағы сол сияқты қала өмірінің әртүрлі қырларын талдайды және қалалардағы жағдайды жақсарту үшін іс жүзіндегі пікірлер мен шешімдерді ұсынады. Кітапта келтірілген кейбір кеңестер мыналарды қамтиды:

– қоғамдық көлікті дамыту және қалалық аудандардың көліктік қолжетімділігін жақсарту;

– қаланы басқару жүйесін реформалау және жергілікті әкімшілік қызметінің ашықтығын арттыру;

– қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруды жақсарту, саябақтар, гүлзарлар, жаяу жүргіншілер аймақтары мен велосипед жолдарын құру;

– спорт алаңшалары мен фитнес-орталықтарды қоса алғанда, салауатты өмір салты, дене шынықтыру және рекреация үшін инфрақұрылымды дамыту;

– қалада кәсіпкерлікті қолдау және экономикалық белсенділікті дамыту;

– білім беру және денсаулық сақтау жүйесін қайта қарау, қала тұрғындары үшін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету.

Дегенмен, кітапта берілген көзқарастар мен ұсыныстар субъективті және И.Варламовтың пікірі мен тәжірибесін көрсететінін атап өткен жөн. Әр қалада өзіндік ерекшеліктер мен қиындықтар кездеседі. Сондықтан сол қиындықтар бойынша қабылданатын шешімдер әртүрлі жағдайларда өзгеше болуы мүмкін. Жалпы, И.Варламов пен М.Каптың «100 советов мэру» туындысы қала басшылары, урбанистика мен қалалық орта сапасын дамытумен айналысатындар үшін шабыттың пайдалы көзі бола алады. Бірақ, ұсынылған кеңестерді тұрғылықты жеріңіздің нақты ахуалы мен қажеттіліктеріне бейімдеу маңызды [3].

Чарльз Монтгомеридің «Бақытты қала» («Happy City») кітабы қалалық ортаның тұрғындардың әл-ауқаты мен бақытына әсерін зерттеу жиынтығы болып табылады. Автор қала өмірінің әртүрлі көріністеріне кең талдау жасайды және «бақытты» қалаларды құру үшін тәжірибелік нұсқаулар ұсынады. Кітапта Ч.Монтгомери бірнеше негізгі тақырыптарды қамтиды:

– Жаяу жүргіншілер қалалары: автор жаяу жүргіншілер аймақтары мен ыңғайлы жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын құрудың маңыздылығына назар аударады. Ол жаяу жүргіншілерге арналған қалалардың оң әсерін сипаттайды, мысалы, әлеуметтік белсенділікті арттыру, ауаның ластануын азайту және тұрғындардың денсаулығын жақсарту.

– Қоғамдық кеңістіктер: Монтгомери саябақтар мен алаңдар сияқты қалалардағы қоғамдық кеңістіктердің маңыздылығын зерттейді. Ол бұл орындардың қолжетімділігі мен сапасының маңыздылығын атап көрсетеді, себебі олар әлеуметтік өзара әрекеттесуді ынталандырады, демалу мүмкіндіктерін жасайды және қолайлы ортаның қалыптасуына ықпал етеді.

– Қалалардың тұрақты дамуы: кітап сонымен қатар экологиялық тұрақтылық, энергия тиімділігі және табиғи ресурстарды пайдалануды қоса алғанда, қаланың тұрақты дамуы тақырыбын қарастырады. Автор экологиялық проблемалар мен әлеуметтік теңсіздікке назар аударатын қалалар тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді деп есептейді.

– Қала құрылысы мен қалалық жоспарлаудың рөлі: Чарльз Монтгомери «бақытты» қалаларды құру үшін сапалы қала құрылысы мен қалалық жоспарлаудың маңыздылығын атап өтеді. Ол қалалық ортаны жақсарту үшін қолданылуы мүмкін осы саладағы мысалдар мен озық тәжірибелерді қарастырады.

Жалпы «Бақытты қала» кітабы қалалық орта сапасы және оның жергілікті тұрғындардың әл-ауқатына әсері туралы көзқарасты ұсынады. Бұл әдебиет көптеген оқырмандарға, соның ішінде қала сәулетшілеріне, сондай-ақ қалаларды дамыту және қалалардағы өмір сапасын жақсарту тақырыбына қызығушылық танытқандарға қызықты болуы мүмкін. Ч.Монтгомери АҚШ-ң кейбір қалаларына тоқталып өтеді. Мысалы, жергілікті тұрғындар Портленд маңындағы қиылыстағы «алаңды» түрл-түсті етіп сырлады. Олар мұны бірінші рет жасаған кезде муниципалдық билік «көше қиылысы – қоғамдық орын және оны ешкімге

жеке пайдалануға рұқсат берілмеген!» деп жариялаған болатын. Алайда, жергілікті тұрғындар берілген жоқ. Олардың «CITYREPAIR» деп аталатын науқаны кең таралуға мүмкіндік алды. Қиылыстың өзгеруінен психологиялық та әсер бар. Бұл «Барлығына арналған алаң» пайда болғаннан кейін бірнеше жылдан кейін Портленд мемлекеттік университетінде денсаулық сақтау мәселесі бойынша сабақ беруге келген швециялық-италиялық эпидемиолог Ян Семензаның арқасында белгілі болды. Оның бұл мәселеге қатысты кәсіби қызығушылығы бар болатын. Ол 700-ден астам адамның өмірін жалмаған 1995 жылғы Чикагодағы аномальды ыстық кезеңін зерттеген ғалымдардың ауруларды бақылау және алдын алу жөніндегі зерттеу орталығын басқарған болатын. Жеке сұхбаттасулар мен тексерулердің бірнеше азапты апталарынан кейін ол қаза тапқандардың көпшілігіне ортақ сипатты анықтады: олар өмірде тұйық, жалғыз өмір сүргендер және туыстарымен немесе достарымен ешқандай араласпаған. Я.Семенза үшін бұл таң қалатындай жағдай болды, содан кейін ол қалалық оқшаулаумен күресу жолын табуға тырысты. Қаланың даму тарихында бірде-бір дәуір соншалық бай болған емес. Бұрын қала осыншама жерді, энергия мен ресурстарды пайдаланбаған. Ешқашан осыншама адамның жеке кеңістігі мен мобильділігі болған емес. Бірақ қаланы дамытуға жұмсалған барлық салымдарға қарамастан, ол бізді бақытты және денсаулығымызды мықты етпеді. Керісінше, ол жасырын қауіп төндіреді. Оның тұрғындары артық салмақ пен басқа да аурулардан зардап шегеді. Ол уақытта ұрлайды, отбасымен, достарымен, көршілерімен жеке қарым-қатынасты қиындатады, тұрғындарды экономиканың құбылуына және бензин бағасына тәуелді етеді. Бұл модель жүйе ретінде экологиялық қауіпсіздікке және біздің ұрпақтарымыздың әл-ауқатына қауіп төндіреді. Жылдамдықтың иллюзиялық уәдесіне алданып, біз нағыз еркіндігімізден айырыламыз. Қарым-қатынастарымыздың маңыздылығын дұрыс бағаламаймыз. Біз күрделі эмоцияларды басқарудың орнына оларды басуға тырысамыз. Біз өкілеттік берілген басқа адамдарға география мен өмірдің өзіне қарапайым қараудың негізінде ғимараттар, жұмыс, үй, тасымалдау жүйесін ұйымдастыруға мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар, қалалық жобаларды жүзеге асыру кезінде әлеуметтанушы Ричард Сеннетт айтқандай, «өзін көрсетудегі үлкен, ұтымсыз қорқынышты» басшылыққа аламыз. Белгісіздікпен бетпе-бет келгенде, біз ізденіп, қызығушылық танытудың орнына одан қашуды және жасырынып қалуды жөн көреміз. Егер қаладағы өмір аздап күрделі және ретсіздеу болған жағдайда, ләззат алуға болатын нәрселерден алыстаймыз, ыңғайсыздықты еске салып тұратын қорқынышымызға өзімізді оқшаулауға жеңілділіктен, рахаттанудан және сезімдер байлығынан айыруға мүмкіндік береміз. Атақты урбанист Ч.Монтгомеридің «Бақытты қала» кітабы біздің қала өмірі мен қаладағы кез келген адамның бақыты туралы түсінігімізді аударып түсіреді. Нақты мысалдарды қолдана отырып, ол қала құрылысы мен бақыт туралы ғылымның қиылысындағы сұрақтардың жауабын көрсетеді. Бұл еңбектің мақсаты – қоғамдағы қала құрылысының озық тәжірибесі туралы идеяларды жинақтау және урбанистика ғылымының дамуына қосқан елеулі үлесінің мәнін қала тұрғындарына жеткізу. Автор бақытты қала әлемді құтқара алатынына және

біз бәріміз оның құрылысына көмектесе алатынына сенімді. Ч.Монтгомеридің «Бақытты қала» кітабында жасыл қала және көміртегі деңгейі төмен қала дегеніміз бір мекен екенін тұжырымдайды. Автордың пікірінше, қала кеңістігі мен жүйелері жақын жерде тұратын адамдардың күрделі мәселелерін шешуге деген альтруистік әрекеттерді ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар бұл идеялардың шығармашылық бәсекелестігінің көрінісі. Олар адамдардың бәсекелес топтарының қарама-қайшылығы нәтижесінде қалыптасады. Олар қаланың пайдасын таратады. Олар мүмкіндіктері бар және қолы жетпейтіндердің мақсаттарын көрсетеді. Осылайша, олар қаланың санасы мен рухын қалыптастырады. Кейде қаланың болашағын анықтайтын факторлар біздің бақылауымыздан тыс болатын сияқты. Қаланы өзгертуге мемлекет жауапты деп санаған шенеуніктердің жұмысы болып табылатынына сенуге мәжбүр болуыңыз мүмкін [4].

Джанет Садик-Хан мен Сет Соломоновтың «Қала үшін күрес» атты еңбегі жаяу жүргіншілер кеңістігін құруға, велосипед инфрақұрылымын дамытуға және қоғамдық көлікті жақсартуға бағытталған қалалық жоспарлау мен көлік саясатына жаңа көзқарасты ұсынады. Бұл кітап велосипед жолдары, жаяу жүргіншілер жолдары және автоматты көше бағдарламалары сияқты жаңа технологияларды қолдану қала ортасы мен қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға қалай әсер ететінін көрсетеді. Кітапта Садик-Ханның АҚШ-ң Нью-Йорк қаласындағы қызметі кезіндегі тәжірибесінен көптеген мысалдар келтірілген. Мәселен, көшелерді жаяу жүргіншілер аймағына айналдырған Нью-Йорктегі «Плаза» бағдарламасы және қаладағы велосипед жолдарының желісін кеңейту сияқты бастамалар сипатталады. Автор сонымен қатар қоғамдық пікірді қалыптастыру және қалалық кеңістікті адамдар өмір сүргісі келетін және уақыт өткізгісі келетін орынға айналдыру туралы өз бақылауларымен бөліседі. «Қала үшін күрес» қала құрылысы мен көлік саясатына қосатын маңызды үлес болып табылады. Кітап қала басшыларына, сәулетшілерге, белсенділерге және қалалық орта сапасын жақсартуға және қолайлы қалаларды құруға қызығушылық танытатын кез келген адамға арналған практикалық кеңестер мен амалдарды ұсынады. «Қала үшін күрес» кітабі ХХ ғасыр аяғында қала өмірінің қиындықтарын сипаттайды. Әлемдегі ең ірі қалалардың бірі Нью-Йорк мысалға алынып, оның тұрғындарына жайлылық туғызу үшін көптеген мәселелер шешілгенін айтады. Мысалы жайлы көшелер мен аяқжолдар, велосипедтерді жалға алу алаңшалары, демалыс аймақтары, қоғамдық көліктердегі мәселелерді шешу жол апаттары және жол-көлік оқиғаларын азайтты [5].

Ян Гейлдің «Города для людей» («Cities for People») кітабы қала құрылысына және адамдар үшін жайлы және жағымды орта құруға қосқан маңызды үлес болып табылады. Ян Гейл – танымал сәулетші және қала жоспарлаушысы, ол адамдардың қажеттіліктері мен әл-ауқатына бағытталған қалаларды құруды насихаттайды. Қалалар – бұл адамдар пікірлермен алмасу, кәсіпкерлікпен айналысу немесе серуендеу және бос уақытын тиімді өткізу үшін тұрғылықты орындар. Қаланың қоғамдық аумақтары, оның көшелері, алаңдары мен саябақтары осы жұмыстың негізі және бастамасы болып табылады. Қалалық

қоғамдық аймақтарды жобалау бойынша автор біздің жалпы қалалық кеңістікті қалай пайдаланатынымызды терең түсінеді және оны жақсартуға және соның салдарынан қалалардағы өмір сүру сапасын арттыруға көзқарастарды ұсынады. Қала басшылығы халықтың тығыздығы артып, жаяу және велосипед жолдарын кеңейту қажеттілігі туындаған жағдайда адамдарға ыңғайлы, тұрақты, ақылға қонымды, қауіпсіз және өмірге толы жақсы жоспарланған және әдемі қоғамдық аймақтардың саны мен сапасын арттыру керек. Осы орайда, Ян Гейлдің пікірінше қалаларды кітап ретінде оқуға болады. Көше, тротуар, алаң және саябақ – бұл қала сәулеті. Мұқият жоспарланған көшелері, алаңдары мен саябақтары бар адамдарға ыңғайлы мегаполис қонақтарға да, онда тұратындар мен жұмыс істейтіндерге де өзін-өзі дамытуға көп мүмкіндік сыйлайды. Қала тұрғындары мен туристер оңай әрі қолжетімді ашық кеңістіктерге, оның ішінде саябаққа он минут ішінде жетуге құқылы болуы керек. Жақсы жобаланған аудандар жергілікті адамдарды шабыттандырады, ал нашар жоспарланған қалалар өз тұрғындарына кері әсерін тигізеді. Я.Гейл айтқандай: «біз қалаларды қалыптастырамыз, ал олар бізді қалыптастырады». Қазіргі кезде адамзат тарихында алғаш рет халықтың көп бөлігі ауылдық жерлерге қарағанда қалаларда тұрады. Қалалар тез өсіп келеді және олардың өсуі жылдар өткен сайын еселене түседі. Болашақта басты мақсат адамдардың қалалардағы қажеттіліктеріне баса назар аудару болуы керек. Бұл ретте аталған кітап қала құрылысындағы проблемаларды қарастырады. Жаяу жүргіншілер аймақтарына назар аудару қауіпсіз, тұрақты және тиімді қалаларды дамыту саясатының ажырамас бөлігі болуы керек. Сондай-ақ, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және ашық, демократиялық қоғамды қалыптастыруға ықпал ететін кездесу орны ретінде қалалық кеңістіктің әлеуметтік функциясын күшейту қажет. «Города для людей» кітабында Гейл қалалық ортаның бірнеше маңызды аспектілерін қарастырады:

– Адамдардың қолайлы өмір сүруі үшін бағытталған жоспарлау: Автор автомобильдерге емес, адамдарға назар аудара отырып, қалаларды жоспарлау тәсілін өзгертуге шақырады. Ол қауіпсіз және тартымды жаяу жүргіншілер аймақтарын, әлеуметтік өзара әрекеттесу кеңістіктерін және қоғамдық орындарды құрудың маңыздылығын, сондай-ақ қоғамдық көліктің қолжетімділігін жақсартуды талқылайды.

– Аралас жерді пайдалану: Гейл тұрғын үй, кәсіпкерлік және қоғамдық кеңістіктер бір-бірімен қатар өмір сүретін әртүрлі міндеттері бар қалалық аймақтарды құрудың маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл халықтың түрлі топтарын өзара әрекеттесуге итермелейді және сапалы орта сапасын құрады.

– Тұрақты даму және экологиялық үйлесімділік: Гейл өзінің кітабында қоршаған ортаның қажеттіліктерін ескеретін және климатқа теріс әсерді азайтатын экологиялық тұрақты қалаларды құру қажеттілігіне назар аударады. Ол энергияны үнемдейтін ғимараттар, жаңартылатын энергияны пайдалану және табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану сияқты мәселелерді талқылайды.

– Жұртшылықтың қатысуы: Ян Гейл қала тұрғындарын қала ортасын жоспарлау және дамыту процесіне тартудың маңыздылығын атап көрсетеді. Ол

адамдардың қажеттіліктері мен тілектерін қанағаттандыратын қалалар құру үшін қала, дизайнерлер және жұртшылық арасындағы ынтымақтастыққа шақырады.

Бұл еңбек қала жоспарлаушыларына, сәулетшілеріне, белсенділерге және адамдар бақытты және жайлы өмір сүре алатын қалаларды құруға қызығушылық танытатын кез келген адамға түсінікті және шабыттандыратын нұсқаулық болып табылады. Автор өз тәжірибесінен практикалық кеңестер мен мысалдар ұсынады, сонымен қатар қала құрылысы мен дизайн саласындағы зерттеулер мен озық тәжірибелерге жүгінеді [6].

Майкл Сторпердің «Ключи от города» («Keys to the city») кітабы қала құрылысы, дизайн және даму бойынша ауқымды зерттеу болып табылады. Автор өз кітабында қалалардың тарихын, олардың негізгі тұжырымдамалары мен принциптерін талдайды және қалалық ортаны құру мен басқаруға жаңа көзқарас ұсынады. Мұнда Сторпер келесіні қамтиды:

– Қалалар тарихы: Автор ежелгі өркениеттерден бастап қазіргі мегаполистерге дейінгі тарихи кезеңдердегі қалалық ортаның эволюциясына шолу жасайды. Ол қалалық құрылым мен жоспарлауды қалыптастырған маңызды сәттер мен оқиғаларды қарастырады.

– Қала құрылысы және дизайн принциптері: Сторпер қалалық ортаны құрудың негізгі принциптерін талдайды. Ол жерді пайдалану, көлік инфрақұрылымы, сәулеттік стильдер және жергілікті сәйкестік сияқты салаларды талқылайды.

– Қалалық экономика және әлеуметтік динамика: Автор қала құрылысы, экономика және әлеуметтік құрылым арасындағы байланысты зерттейді. Ол қалалардың экономикалық дамудағы, жұмыс орындарын құрудағы, инвестицияларды тартудағы және инновацияларды дамытудағы рөлін талдайды.

– Қала құрылысын басқару: Сторпер қала құрылысын басқарудың және жоспарлау мен дизайн шешімдерін қабылдаудың әртүрлі тәсілдерін талқылайды. Ол табысты басқарудың мысалдарын және қазіргі заманғы қалалардың алдында тұрған міндеттер мен қиындықтарды қарастырады.

– Аталған кітап қала құрылысы мен дизайнына терең және жан-жақты көзқарасты ұсынады. Ол сәулет, қала құрылысы және урбанистика саласындағы студенттер мен кәсіпқойларды қоса алғанда, оқырмандардың кең ауқымына, сондай-ақ қала құрылысы мен оның өмір сапасына әсеріне қызығушылық танытатын кез келген адамға арналған. Автор тәжірибеден кең зерттеулер мен мысалдарды ұсынады, бұл кітапты қалалық ортаны құру мен басқарудың қиындықтары мен мүмкіндіктерін түсіну үшін құнды ресурс етеді [7].

Қазақстан «Q-88» урбанистер қауымдастығы тарапынан әзірленген «Аумақтарды кешенді дамыту стандарты» әдістемелік құралы – бұл қала ортасы мен қала құрылысы туралы танымал жарияланым. Әдістемелік құралда қалалардағы өмір сапасын жақсарту үшін қала басшылығына тиімді кеңестер ұсынылады. Әдістеме көлік инфрақұрылымы, абаттандыру, сәулет, қоғамдық кеңістіктер және экология сияқты қалалық жайлы ортаны дамытудың жан-жақты қағидаттарын қамтиды. Бұл нұсқаулар қалалар өзекті мәселелерін талдау арқылы салынған аумақтарды дамыту, еркін аумақтарды игеру, қала келбетін

калыптастыруға негізделеді. Аталған стандарт бірнеше бөлім мен каталогта сипатталған түрлі кеңестер жиынтығы. Жиынтық жобаларды әзірлеу және іске асыру секілді көптеген тақырыптарды қамтиды және практикалық және нақты ұсыныстардан құралған. Ұсыныстарға жаяу жүргіншілер аймақтарын құру, велосипед инфрақұрылымын дамыту, тарихи орындарды сақтау және күту, көлік ағынын басқару және т. б. сияқты мәселелер кіреді.

Қазақстан урбанистер қауымдастығы қалалық ғылым, қала құрылысы және қалаларды дамыту саласындағы мамандар мен мамандарды біріктіретін коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қауымдастықтың мақсаты Қазақстанда тұрақты, функционалды және сапалы қалалық ортаны дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

Қауымдастық әртүрлі іс-шараларды, соның ішінде конференцияларды, семинарларды, тренингтерді және білім беру бағдарламаларын өткізеді, білім, тәжірибе алмасу және урбанистика саласындағы кәсіби дағдыларды беру. Ұйым сондай-ақ Қазақстандағы қалаларды дамыту жөніндегі стратегиялар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесуге қатысады.

«Q-88» қауымдастығы елдегі урбанистік ортаны дамыту бойынша тиімді серіктестіктер мен бірлескен күш-жігер құру үшін мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, ғылыми және білім беру мекемелерімен, сондай-ақ қоғам мен бизнес секторының өкілдерімен белсенді түрде ынтымақтасады.

Қазақстан урбанистер қауымдастығына мүшелік барлық мүдделі тұлғаларға, соның ішінде урбанистерге, сәулетшілерге, жоспарлаушыларға, зерттеушілерге, студенттерге және урбанистика мен қалаларды дамытуға жұмыс істейтін немесе қызығушылық танытатын басқа мамандарға ашық. Қауымдастық мүшелері ұйымның іс-шараларына қатыса алады, сараптамалық білімге және урбанистика саласындағы мамандар желісіне қол жеткізе алады.

Қазақстан урбанистер қауымдастығы диалогты көтермелеуде, тәжірибе алмасуда және Қазақстандағы урбанистік ортаны жақсартуға жәрдемдесуде, олардың барлық тұрғындары үшін өміршең және тұрақты қалаларды құруға ықпал етуде маңызды рөл атқарады.

Жалпы «Q-88» урбанистер қауымдастығы әлем қалаларының урбанистикасы туралы оқырмандармен өз тәжірибесімен бөліседі. Бұл жинақта ашық кеңістіктің элементтері мен түйіндері, архитектуралық жоспарлау және абаттандырудың принципті сәулет-жоспарлау шешімдерінің деректері бар. Бұл деректер біздің ой, мінез-құлқымызды қалай қалыптастыра алатынын көрсетеді. Кез-келген қалада ыңғайлы әрі жайлы жағдай қалай жасалады? Неліктен біреулерінен жылылық сезіліп тұрады, ал кейбіреулерінен кетіп қалуға асығамыз? Олармен қай тілде сөйлесеміз және олардың мінезі неден қалыптасады?

Бұл сұрақтарға жауап алу үшін қаланың даңғылдары мен көшелерін аралап, жүріп өту, саябақтар мен гүлзарлармен серуендеу, танымал және аса таныс емес жерлеріне бару жеткілікті. Біраз саяхаттан соң көбінің жеке

қабылдауы мен қаланың тудыратын сезімдерінен қалыптасқан субъективтік жауаптар да табылады.

Осы ретте, аталған қауымдастықтың төрағасы Е.Ауқенов урбанистика мәселесі туралы былай деді: «...олардың көпшілігі неліктен саябақтар мен гүлзарлар, жолдар мен ғимараттардың қасбеті дәл осылай жасалған, тұрғын үйлердің кіреберістері негізінен көше жағынан емес, аулаларда орналасқан деген сұрақтарды қоймайды да. Ал, мені бұл сұрақтар қызықтырып, урбанистиканы зерттеуге алып келді. Мұнда мен айналамыздағы қалаларға басқаша қарай бастадым, олардың тілін түсінуді және сәулетшілердің қолтаңбасын ажыратуды үйрендім» [8].

Қазақстанда жаяу жүргіншілердің ыңғайлы және қауіпсіз жүруін қиындататын жаяу жүргіншілерге қолжетімділіктің кейбір проблемалары бар. Бұл мәселелердің кейбірі мыналарды қамтиды:

Біріншіден, дамыған жаяу жүргіншілер инфрақұрылымының болмауы: Қазақстанның көптеген қалаларында тротуарлар жеткіліксіз дамыған, тар немесе жағдайы нашар болуы мүмкін. Жаяу жүргіншілер жолдарының болмауы, жаяу жүргіншілер аралдары мен өткелдердің жетіспеушілігі және жаяу жүргіншілер аймақтарын дұрыс ұйымдастырмау жаяу жүргіншілерге қиындық туғызады және жол-көлік оқиғаларының қаупін арттырады.

Екіншіден, қауіпсіздік мәселелері: Қазақстандағы жолдардың кейбір учаскелері автокөлік қозғалысының жоғары жылдамдығына, жарықтың жеткіліксіздігіне, жаяу жүргіншілер аймақтарының болмауына және тұрақ тәртібінің дұрыс болмауына байланысты жаяу жүргіншілер үшін қауіпті болуы мүмкін. Бұл жаяу жүргіншілерге, әсіресе балаларға, қарттарға және мүгедектерге үлкен қауіп төндіруі мүмкін.

Үшіншіден, жаяу жүргіншілер мәдениеті туралы хабардарлықтың төмендігі: кейбір жағдайларда жүргізушілер мен жол қозғалысының басқа қатысушылары жаяу жүргіншілердің санасы мен құрметінің төмендігі байқалады. Жол ережелерін бұзу, тротуарларға тұрақ қою және жаяу жүргіншілерге жол бергісі келмеу жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі мен жайлылығына қиындық тудыруы мүмкін.

Төртіншіден, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімділіктің болмауы: кейбір жағдайларда инфрақұрылым мен қоғамдық кеңістіктер мүмкіндігі шектеулі жандар үшін тиісті қолжетімділікті қамтамасыз етпейді. Бұған пандустар, лифттер, мүгедектер тұрағы және қалалық ортаны барлығына қолжетімді ететін басқа да ыңғайлылықтар кірмейді.

Қазақстанда жаяу жүргіншілердің қолжетімділігін жақсарту үшін келесі шараларға назар аудару қажет:

Жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын дамыту және жаңғырту, соның ішінде аяқжолдарды, жаяу жүргіншілер жолдарын салу және қайта құру, жаяу жүргіншілер аймақтары мен өткелдерді ұйымдастыру.

Бағдаршамдарды, жаяу жүргіншілер «аралдарын», жарықтандыруды және басқа да қауіпсіздік шараларын орнату арқылы жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.



Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жол ережелері мен жаяу жүргіншілер мәдениеті туралы хабардарлығы мен білімін арттыру.

Арнайы құрылғыларды орнату және қоғамдық кеңістіктерге қол жеткізуді жеңілдету арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолжетімділікті жетілдіру.

Жаяу жүргіншілерге қолжетімділікті жақсарту бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру үшін азаматтық қоғаммен, қалалық сарапшылармен және басқа да мүдделі тараптармен белсенді өзара әрекеттесу.

Қазақстанда жаяу жүргіншілерге қолжетімділікті жақсарту барлық тұрғындар мен келушілер үшін неғұрлым ыңғайлы, қауіпсіз және орнықты қалалық ортаны құруға ықпал етеді.

Урбанистика – әлі мыңдаған ойшылдардың қызықтыратын ғылым. Мұның себебі біз бұны қаласақ та, қаламасақ та, қалалардың жер жүзіне, сондай-ақ біздің өмірімізге ықпалы күннен күнге артып келе жатқанында. Экономикалық өркендеуіне қарамастан, қала халқы өсуін жалғастыруда. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамына сүйенсек, 2050 жылға қарай әлем халқының 2/3 бөлігі қалаларда тұратын болады. Салыстыру үшін, Қазақстанда қазірдің өзінде халықтың 60% 88 шағын және ірі қалаларда тұрады.

Қазақстан Республикасында республикалық маңызы бар – 3, облыстық маңызы бар – 39, аудандық маңызы бар – 45, жалпы 87 қала бар. Қалалардың ең көбі Ақтөбе облысында шоғырланған, онда 8 қала бар. Қазақстан халқының 55%-дан астамы қалаларда тұрады. Қазіргі таңда агломерациялары бар қалаларды (Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе), облыс орталықтарын (Қарағанды, Жезқазған, Көкшетау, Қостанай, Атырау, Ақтау, Орал, Қонаев, Талдықорған, Түркістан, Тараз, Қызылорда, Өскемен, Семей, Павлодар және Петропавл), моноқалаларды (Жезқазған, Кентау, Екібастұз, Жаңаөзен, Қаратау және т.б.) және шағын қалаларды (Қазалы, Жем, Қарқаралы) дамыту бойынша тиісті құжаттар бар. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы өңірлерінің экономикасын қуатты етіп дамыту және реттеу мақсатында мемлекет тарапынан бірқатар даму бағдарламалары мен жоспарлар бекітіліп, ұлттық жобалар іске асырылуда. Мемлекет Басшысының Жолдаулары арқылы стратегиялық бағыт белгіленсе, өңірлерді одан әрі қарай тиімді басқару жүйесі орталық мемлекеттік органдар тарапынан қалыптастырылуда. Бірақ өңірлерді басқаруда жүйелілік пен біркелкілік жетіспейтіндігі анық болып тұр. Мысалы бағдарламалық құжаттың бірінде белгілі бір саланы жетілдіруге басымдық берілсе, келесі бір құжатта агломерация секілді бөлек салаға баса назар аударылатынын байқауға болады. Өңірлерді басқаруды мемлекеттік реттеу тәсілдері қағаз жүзінде жойқын, ал іс жүзінде негізгі функциясы қаншалықты айқын?

Жалпы еліміздің барлық өңірлері мамандану дәрежесі бойынша төрт топқа бөлінеді: өндірістік-технологиялық әлеуеті жоғары, минералдық ресурстар қоры бар, агроөнеркәсіптік кешендері жетекші болып табылатын және экологиялық дағдарыс аумақтар бар өңірлер. Бұл топтар қатарына Қазақстандағы қалаларды жатқызуға болады. Облыстардың экономикалық әлеуетінің негізін табиғи ресурстар құраса, қалаларда негізінен макро және микро қаржы ұйымдары, банк ісі, шағын және орта кәсіпкерлік, мәдениет, спорт, туризм және қызмет көрсету

салалары дамыған. Демек, әртүрлі факторлардың әсерінен өңірлерімізде теңсіздіктер туындайды. Мұның негізгі себептерінің бірі өңірлерге байланысты заңнамалардың шаблон түрінде біртұтас, жалпыға ортақ болып қабылдануы. Яғни, тікелей әкімшілік әдіске сәйкес заңнамалық-нормативтік ережелерді дайындау барысында қалалардың экономикасына қатысты құжаттарды дербес саралап, қабылдаған маңызды.

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың өткен жылдың 1 қыркүйегінде жасаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ескі құрылыс стандарттары мен нормалары әлі де қолданылады. Сондықтан, Үкіметке мүлдем жаңа құжат – Қала құрылысы кодексін қабылдауды тапсырамын. Сондай-ақ тұрғын үйлер мен қала инфрақұрылымын абаттандыру мәселесін қолға алу керек» деп атап өтті [9]. Дегенмен, бұл құжат әлі рәсімделуде.

Жалпы бүгінде түрлі кеңестер, комиссиялар, жұмысшы топтар, бағдарламалар, жоспарлар, іс-шаралар және т.б. құжаттар көп. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары», «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы», «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы солардың бірі болып табылады. Бұл құжаттарда бірқатар өзекті мәселелер көрініс табады. Мысалы, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының мақсаты базалық қызметтерге халықтың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайды жақсарту және тұрғын үй құрылысын дамыту, сондай-ақ көліктік байланысты қамтамасыз ету және елдің көліктік-транзиттік әлеуетін жоғарылату есебінен азаматтардың қолайлы өмір сүру ортасын құру болып табылады [10]. Бірақ кейбір өңірлердің бейімділік қабілеті толық қамтылмаған. Сонымен қатар, «Агломерацияларды дамыту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының міндеттерінің бірі ол – Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерациялар, яғни функционалдық қалалық аудандарды дамыту. Осы Заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде Агломерациялар жөніндегі кеңес құрылады. Аталған кеңес агломерацияларды дамыту мәселелерін ведомствоаралық үйлестіру, сондай-ақ агломерацияларды дамытуды ұйымдастырушылық, ақпараттық және талдамалық қолдау мәселелерін шешуге бағытталған. Бұдан бөлек, осы Заңмен тиісті өңірлерде Жергілікті агломерация кеңестерін де құру көзделген [11]. Осыған орай ірі қалаларда орналасқан аудан әкімдіктері өз құзіреті шегінде агломерацияларды және қала маңы аймақтарын дамытуға кеңінен атсалысу керек. Одан бөлек, аудан әкімдіктерінің коммуналдық шаруашылық, қолайлы орта сапасы және урбанистика бағыттары бойынша құзыретін арттырып, мегаполистер аумағында қолданылатын мемлекеттік қала құрылысы саясатын әзірлеуге белсене қатыстыру қажет.

Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйекте жасаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «тұрғын саны миллионнан асатын қалалар еліміздің жаһандық бәсекелік қабілетінің тірегі болуға тиіс» деп атап өтті. Өз

кезегінде облыс орталықтары өз өңірлері өсімінің өзегі болуға тиіс. Еліміздің қалалары урбанизация үрдісімен дамып келе жатыр. Сондықтан, ірі қалалар мен облыс орталықтарының кешенді құрылысының жаңа стандартын әзірлеу керек [12]. Себебі Қазақстанда үш мегаполис болғанымен, сол 3 ірі қала әкімдіктері мен қаладағы аудан әкімдіктерінің құзыреті мен өкілеттіктерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Заңының 12-бабы, 3-тармағына сәйкес, астана аумағының құрылыс салу мәселелерін қарау және үйлестіру үшін астана әкімі астананың қала құрылысы кеңесін құрады [13]. Осы негізде Шымкенттің бірыңғай сәулеттік келбетін қалыптастыру мақсатында өзге республикалық маңызы бар қалалар сияқты ерекше мәртебесі туралы заң қабылдауды пысықтаған жөн.

Сонымен қатар, жоғарыда аталып өткендей, ірі қалалардың дамуына біркелкі жағдай жасалмағанын көруге болады. Мәселен «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» және «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңдарда Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктеріне қала құрылысын жүргізу, көп қабатты тұрғын үйлердің қасбеттеріне сәулеттік келбет беру, ақылы автотұрақтарды ұйымдастыру, автомобиль көліктерінің транзитін реттеу және қала аумағындағы өзендерде кеме қатынастарына қатысты едәуір құзыреттіліктер берілген [14]. Бұл өз кезегінде халық саны бір миллионнан астам Шымкент қаласына және демографиялық әлеуеті жоғары Қарағанды мен Ақтөбе қалаларына қатысты біркелкі емес, яғни әділетсіз көзқарас ретінде бағалауға болады. Мысалы, Астана мен Алматы қалаларының ерекше мәртебелері туралы заңдарға сәйкес қала құрылысы кеңесі бар болса, Шымкент қаласында мұндай өкілеттілік жоқ. Бұдан бөлек, қалалардың даму келешегін әкімдердің тікелей сайлауын енгізумен байланыстыру қажет деп есептеймін. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарына сәйкес, аудан, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлау енгізілді. Алайда, қоғамдағы өзгерістерді ескере келе, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері мен сол қалаларда орналасқан аудан әкімдерінің тікелей сайлауын қысқа мерзімде енгізуді қарастыратын уақыт келді. Себебі қалаларда халық әрі белсенді, әрі тығыз орналасқан. Сол себепті, әкімдердің сайлауы барынша бәсекеге қабілетті ортада өтетіні сөзсіз. Заманауи мегаполистерде қала мэрін сайлау әдеттегі жағдай болып есептеледі.

Осыған орай аталған заңдардың орнына әлемнің дамыған елдері секілді ірі қалалар туралы мегаполистерге ортақ, бірыңғай, арнайы заң жобасын әзірлеуді бастаған жөн. Бұл тек озық мемлекеттердің үздік тәжірибесі ғана емес, қазіргі жаһанданған заманның талабы. Осындай бастамаларға серпін беру керек деп есептеймін.

Сондай-ақ, Астана, Алматы, Шымкент қалалары мегаполис бола тұра, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуында қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету деңгейі индикатор ретінде мүлдем жоқ. Қазіргі кезде қала тұрғындары қоғамдық көліктің жағдайына баса назар аударады. Сондай-ақ Астана, Алматы

және Шымкент қалаларында агроөнеркәсіптік кешен секілді индикаторлардың болуы ірі қалаларға қаншалықты лайықты көрсеткіш екендігі түсініксіз. Мысалы өзге өңірлерде мұнай өңдеу сияқты өңірге тән индикаторлар белгіленсе, демек мегаполистерге де өзіндік мақсатты көрсеткіштерді әзірлеу қажет.

Халықаралық тәжірибенің құжаттамасына тоқталатын болсақ, Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты Даму Мақсаттары («Sustainable Development Goals») талдап өткен жөн. ТДМ он жеті бөлімнен тұрады. Оның ішінде еліміздің өңірлік саясатына ауыз су, инфрақұрылым, білім мен денсаулық сақтау салаларымен қатар қалалар мен елді-мекендерді тұрақты дамыту мәселесінің де тікелей қатысы бар. Әдебиеттермен танысу барысында, ЖАО бұл бағытта нақты әрі айқын көзқарасы қалыптаспағанын байқадым.

Осы тұрғыда, отандық мемлекеттік бағдарламаларды БҰҰ он жеті ТДМ-мен ұштастыра білу маңызды. Оның ішінде әсіресе №11, яғни «Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету» мақсатының орындалуына баса назар аударып, оған қол жеткізуге барлық қажетті шаралар қабылдануы тиіс.

Демек, БҰҰ №11 ТДМ-ға қол жеткізу жоғарыда көрсетілген құжаттардың сапалы орындалуына тікелей байланысты.

Бұл мәселе Экономикалық зерттеу институтының «economy.kz» веб-сайтында 2022 жылғы отандық Ерікті ұлттық шолуда қамтылған [15]. Мәселен, ТДМ көрсеткіштерінің Шымкент қаласы бойынша орындалуына қарасақ:

Біріншіден, Шымкент қаласында жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңыздағы жолдар үлесі 2014 жылы небәрі 30,7%-ды құраса, 2015 жылы 40,4%, 2016 жылы 41,4%, 2017 жылы 46,5%, 2018 жылы бұл көрсеткіш 53%-дан асты. Өткен жылдың өзінде қала аумағында 189,7 шақырым жол пайдалануға берілді. Ағымдағы жылы 32 млрд.теңгеден астам қаржыға 182 жоба іске асырылды.

Екіншіден, Шымкент қаласы бойынша апатты жағдайдағы үйлерде тұратындар саны 2018 жылы 123 адамды құраса (ҚР – 69 510), 2019 жылы 124 (ҚР – 69 389), 2020 жылы 1 315 (ҚР – 24 441), 2021 жылы бұл көрсеткіш 1 559 адамға дейін өсті (ҚР – 25,3 мың). Өз кезегінде қала әкімдігінің ұйымдастыруымен көлемі 1,1 млрд.теңге қаржы жұмсалып, 36 тұрғын үй модернизациядан өтті. Оның ішінде ағымдағы жөндеу жұмыстары 11, күрделі жөндеу 25 тұрғын үйне жүргізілді.

Үшіншіден, Шымкент қаласында бір тұратын адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтылу үлесі 2018 жылы 23,5%-ды құраса (ҚР бойынша – 21,9%), 2021 жылы бұл көрсеткіш 25%-дан асты (ҚР бойынша – 23,2%). Өткен жылы қала аумағында 1012,5 мың м<sup>2</sup> пайдалануға берілсе, ағымдағы жылы ауданы 239 мың м<sup>2</sup> астам тұрғын үйлердің құрылысы жүргізілуде.

Бұл ТДМ өңірлердің дамуына қатысы бар деген негізгі көрсеткіштердің бірі. Бірақ, урбанистика, урбанизация немесе агломерация мәселелеріне қатысы шамалы екені анық. Осы ретте айта кететін жәйт, ҚР Үкіметінің 18.10.2013 жылғы № 1110 Қаулысына сәйкес, ОҚО Ордабасы, Сайрам және Төле би аудандарынан Шымкентке 41 елді-мекен қосылып, кейін ҚР Президентінің

19.06.2018 жылғы № 702 Жарлығына сәйкес, Шымкент қаласы ОҚО құрамынан шығарылып, республикалық маңызы бар қалалар санатына жатқызылды [16], [17]. Осы орайда, аталған өзгерістер жоғарыдағы көрсеткіштерге әсер етті. Жер көлемінің ұлғаюы өңірдің дамуына өз септігін тигізетіні сөзсіз.

Жоғарыда баяндалған көрсеткіштерді сапалы орындап, қолайлы өмір сүру деңгейіне қол жеткізу үшін мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық жобаларды БҰҰ ТДМ байланыстыра білу өте маңызды. Себебі ЖАО тарапынан жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті жолдар мен бір тұратын адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтылу үлесін арттыру және апатты жағдайдағы үйлерде тұратындар санын азайту бойынша бірқатар жұмыстар атқарылып жатқанымен, оның ішінде жағдайы төмен тұлғалардың, әйелдердің, балалардың, мүгедектердің және қарт адамдардың қажеттіліктеріне баса назар аударылмай келеді.

Сонымен қатар, қазіргі таңда Қазақстанда урбандалу деңгейі 58,5%-ды құрайды. Бұл көрсеткіш Орта Азия елдері арасында ең жоғары болып табылады. Өкінішке орай, урбандалу деңгейі қалалардың жоғары дамуының белгісі емес, керісінше ауылды елді-мекендердің жағдайының күрт төмендеуін көрсетеді.

Қорытындылай келе, БҰҰ ТДМ көрсеткіштерін сапалы орындау үшін келесіні ұсынамын:

– БҰҰ ТДМ индикаторларын Ұлттық Жобалық Офис аясында қадағалауды ұйымдастыру;

– БҰҰ ТДМ орындалуына мониторингті жүзеге асыратын Экономикалық зерттеу институтының өкілдіктерін жергілікті өңірлерде ашуды қамтамасыз ету;

– БҰҰ ТДМ бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың барысын облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары мен қоғамдық кеңестерінде тұрақты талқылауды қолға алу.

Аталған шаралар ТДМ орындауда заманауи әдістерді қолдану мен азаматтық қоғам өкілдерін тарту арқылы оң нәтиже, ашықтық пен шынайылықты қамтамасыз етеді.

Өкінішке орай, ТДМ №11-мақсаты: «Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өмірге төзімділігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету» мәселесі отанымыздың өңірлеріне қатысты қабылданған түрлі бағдарламаларда көрініс таппай келеді.

Ендігі кезекте, жергілікті мемлекеттік органдарда еңбек ететін мемлекеттік қызметкерлер мен сол өңірдің халық санының арақатынасы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Мысалы, Астана қаласының аумағы 0,8 мың шаршы шақырым, тұрғындар саны 1 354 435 адам, қала әкімдігіне 879 мемлекеттік қызметші жұмыс жасайды. Ал, Шымкент қаласының аумағы – 1,2 мың шаршы шақырым, тұрғындар саны 1 191 877 адам, мемлекеттік қызметшілер небәрі 752 [18]. Бірінші кезекте осындай теңсіздіктерді реттеу қажет. Әрине, мұнда бос орындар да болуы әбден мүмкін. Дегенмен, өңірлерге кадрларды үлестіру принципі әлі де түсініксіз болып келеді. Әрбір штаттық бірлік: бірінші кезекте, қаржылық қамтамасыз ету, екінші кезекте, сол мемлекеттік органның қызметкерлеріне деген жүктеме.

ЖАО атқаратын функцияларында да сәйкессіздік кездеседі. Астана қаласының Байқоңыр ауданы әкімі аппараты мен Шымкент қаласының Еңбекші ауданы әкімі аппараты құзыреттерін салыстыратын болсақ, Байқоңыр ауданы әкімі аппаратының функциялары едәуір ауқымды екендігі байқалады [19], [20]. Бұдан бөлек, Қарағанды, Ақтөбе қалаларының ЖАО функционалдық құжаттары өзгеше болып келетіні байқадым.

Кесте 1 - Аудан әкімдіктерінің құзыреттіліктері

№	«Астана қаласының Байқоңыр ауданы әкімі аппараты» ММ	«Шымкент қаласының Еңбекші ауданы әкімі аппараты» ММ	Ескерту
	Функцияның атауы	Функцияның атауы	
1	Кәсіпкерлік қызметтің дамуына ықпал етеді және жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады	Шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдеседі	Жер қатынастары мәселесі қамтылмаған
2	Сумен жабдықтау және су пайдалану мәселелерін реттеуді жүзеге асырады	Жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдеседі	Аталған функция жалпылама жазылған
3	Қаланың коммуналдық меншігіндегі тарихи ескерткіштерді және мәдени мұраны тиісті бюджеттік бағдарламамен бекітілген қаражат шегінде күтіп-ұстауды жүзеге асырады	Тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады	Осы функциямен салалық басқарма айналысады
Ескертпе – [19], [20] мәліметтерді талдау негізінде автормен құрастырылған.			

Жоғарыда көрсетілген 1 кестеден Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі ЖАО атқаратын функцияларында сәйкессіздіктің болуы анық. Әрине, кез келген мемлекеттік органның басшылығы функцияларды белгілі бір заң аясында әзірлеп, бекітеді. Бірақ, іс жүзінде тұрғындармен тығыз жұмыс жүргізу және олардың мәселелерін шешу барысында ірі қалалардың ЖАО функцияларының біркелкі болуы өте маңызды.

Жоба авторы жоғарыда көрсетілген мәселелерге «Қазақстан Республикасының өңірлерін, оның ішінде ірі қалаларды басқаруды мемлекеттік реттеу: ақиқат және менің көзқарасым» атты ғылыми мақаласында кеңінен тоқталып өтеді.

Урбанистика саласындағы заңнама ел мен аймаққа байланысты әр түрлі болады. Әр елдің қалалық ортаны жоспарлауды, дамытуды, дамытуды және басқаруды реттейтін өзіндік нормативтік-құқықтық актілері мен заңдары болуы мүмкін. Урбанистика саласында болуы мүмкін заңнаманың кейбір жалпы аспектілерінің мысалдары:

Қала құрылысы және аумақты жоспарлау туралы заңнама: мұндай құжат аумақты жоспарлау мен дамытудың құқықтық негіздерін анықтайды. Ол бас

жоспарларды әзірлеу процесін, қала құрылысы нормалары мен ережелерін бекітуді, құрылысқа рұқсат беруді, жер учаскелерін пайдалануды және қалалық ортаның дамуына байланысты басқа аспектілерді реттейді.

Тарихи және мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңнама: мұндай құжат қалалардағы тарихи және мәдени мұраны сақтау ережелері мен процедураларын белгілейді. Ол сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді және сақтауды, сондай-ақ тарихи аудандарда және мәдени құндылығы бар учаскелерде дамуға шектеулер қоюды реттейді.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңнама: мұндай құжат қалалардағы қоршаған ортаны қорғау нормалары мен талаптарын белгілейді. Ол экологиялық қауіпсіздік, қалдықтарды басқару, ластаушы заттардың шығарындыларын бақылау, жасыл аймақтарды сақтау және қалалық ортаның экологиялық тұрақтылығына қатысты басқа аспектілерді реттейді.

Көлік және жол инфрақұрылымы туралы заңнама: мұндай құжат қалаларда көлік жүйесін ұйымдастырудың ережелері мен талаптарын анықтайды. Ол жол құрылысын, қоғамдық көлікті жоспарлауды, жол ережелерін орнатуды, велосипед пен жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын құруды және қалалардағы көлік ортасына қатысты басқа аспектілерді реттейді.

Тұрғын үй және коммуналдық қызметтер туралы заңнама: мұндай құжат тұрғын үй салу, Қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету, коммуналдық қызметтерді ұсыну және қалаларда жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін ережелер мен ережелерді белгілейді.

Бұл урбанистика саласында болуы мүмкін заңнаманың кейбір мысалдары ғана. Нақты ережелер мен олардың мазмұны әр елде немесе аймақта жергілікті қажеттіліктерге, мәдени ерекшеліктерге және қалаларды дамытудың басымдықтарына байланысты әр түрлі болады.

Тоқтала кететін тағы бір мәселе, ол – «ақылды қалалар» тұжырымдамасы. «Ақылды қалалар» («Smart Cities») тұжырымдамасы қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, қалалық инфрақұрылым мен ресурстарды тиімді басқару және қалалардың тұрақтылығы мен экологиялық тиімділігін арттыру үшін озық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) және деректерді пайдалануға негізделген. Ол заманауи технологиялар мен жүйелер арқылы көлік, энергетика, тұрғын үй, денсаулық сақтау, білім беру және т.б. сияқты қала өмірінің әртүрлі аспектілерін біріктіруді қамтиды.

Ақылды қалалар тұжырымдамасының негізгі принциптеріне мыналар жатады:

Акт интеграциясы: ақылды қалалар қалалық инфрақұрылым жүйелерін байланыстыру, өңдеу және басқару үшін озық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланады. Мысалдарға сенсорлар, байланыс желілері, бұлтты есептеу, «Big Data» және «Internet of things» жатады.

Ақылды ресурстарды басқару: ақылды қалалар тұжырымдамасы энергия, су, қалдықтар және көлік ағындары сияқты ресурстарды тиімді басқаруға бағытталған. Мысалы, бұл жарықтандыру жүйесін оңтайландыруды, энергияны



тұтынуды басқаруды, қалдықтарды жинау мен жоюды автоматтандыруды қамтуы мүмкін.

Өмір сапасын жақсарту: ақылды қалалардың мақсаты - тұрғындар үшін жайлы және қауіпсіз орта құру. Осы тұжырымдамадағы жобалар электронды Үкімет, цифрлық сияқты инновациялық қызметтерді дамытуды қамтуы мүмкін. Денсаулық сақтау, білім беру платформалары және мемлекеттік қызметтердің қол жетімділігін жақсарту.

Тұрақты даму: ақылды қалалар тұрақты дамуға ұмтылады, соның ішінде парниктік газдар шығарындыларын азайту, ресурстарды тиімді пайдалану, экологиялық таза көлікті дамыту және экологиялық аймақтарды дамыту.

Қоғамның қатысуы: ақылды қалалар тұжырымдамасының негізгі аспектісі-азаматтарды шешім қабылдауға және қалалық кеңістікті бірлесіп басқаруға тарту. Ашық платформаларды құру, кері байланыс және тұрғындармен өзара әрекеттесу олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын қалалық ортаны құруға көмектеседі.

Ақылды қалалар тұжырымдамасы бүкіл әлемде кеңінен қолданылады және көптеген қалалар технологияларды енгізуге және қалалық инфрақұрылымды жақсартуға байланысты жобаларды жүзеге асырады. Бұл ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға және тұрақты және инновациялық қалалық ортаны құруға мүмкіндік береді.

## **Зерттеу әдістері**

Урбанистика саласында қалалық ортаны зерттеу, проблемаларды талдау және шешімдерді әзірлеу үшін әртүрлі зерттеу әдістері қолданылады. Төменде урбанистикада қолданылатын кейбір негізгі зерттеу әдістері келтірілген:

Деректерді талдау: халық, экономика, инфрақұрылым, көлік және басқа көрсеткіштер сияқты қалалық ортаның әртүрлі аспектілерін зерттеу үшін статистикалық деректер мен дерекқорларды пайдалану. Бұл әдіс трендтерді анықтауға, салыстырмалы талдау жасауға және қаланың дамуына әртүрлі факторлардың әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Сауалнамалар мен сұхбаттар: қала тұрғындарымен, сарапшылармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдерімен және басқа да мүдделі тараптармен сауалнамалар мен сұхбаттар жүргізу. Бұл қалалық ортаға қатысты



адамдардың қажеттіліктері, пікірлері, қабылдауы және қалауы туралы сапалы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Бақылау және физикалық талдау: жерді пайдалануды, көшелерді жоспарлауды, көлік ағындарын, жаяу жүргіншілер ағындарын, саябақтарды және басқа да қоғамдық кеңістіктерді зерттеуді қоса алғанда, қалалық ортаға бақылау және физикалық талдау жүргізу. Бұл қаланың проблемаларын, әлеуеті мен қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ): қаланың кеңістіктік деректерін жинау, сақтау, талдау және визуализациялау үшін ГАЖ қолдану. ГАЖ қалалық ортаны кеңістіктік талдауға, картаға түсіруге және модельдеуге мүмкіндік береді, бұл урбанистикада негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Жұртшылықтың қатысуы: фокус-топтар, қоғамдық тыңдаулар, пікірталастар және басқа әдістер арқылы зерттеу процесіне жұртшылықты тарту. Бұл қала тұрғындарының пікірлері мен ұсыныстарын ескеруге, бірлескен шешімдер жасауға және барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруге мүмкіндік береді.

Кейс-стади және салыстырмалы зерттеулер: нақты қалалық жағдайларды зерттеу («case study») немесе әртүрлі қалалар арасында салыстырмалы талдау жүргізу. Бұл озық тәжірибелерді, сәтті шешімдерді анықтауға және басқа қалалардың тәжірибесінен сабақ алуға мүмкіндік береді.

Модельдеу және симуляция: қалалық ортаның әртүрлі аспектілерін, соның ішінде көлік ағындарын, жерді пайдалануды, дамуды жоспарлауды және басқа параметрлерді талдау және болжау үшін компьютерлік модельдер мен модельдеулерді пайдалану. Бұл әртүрлі шешімдердің әсерін бағалауға және олардың нәтижелерін болжауға көмектеседі.

Бұл зерттеу әдістерін бір-бірімен, сондай-ақ қалалық орта мен оның қажеттіліктерін неғұрлым толық және дәл түсіну үшін әртүрлі құралдар мен технологияларды қолдану арқылы қолдануға болады.

Зерттеудің мақсатына және міндеттеріне сәйкес, магистрлік жобаны жазу барысында теориялық және эмпирикалық зерттеу тәсілдері пайдаланылды: талдау, салыстыру, сауалнама және сараптамалық сұхбат.

Сапалы ұсынымдар әзірлеу үшін толыққанды талдау керек. Баршаға мәлім болатындай, теориялық зерттеу әдістерінің бір бөлігі – ол талдау әдісі. Осыған орай, аталған әдіс арқылы магистрлік жобаны жазу барысында өзекті мәселелер туралы ақпарат дайындауға және салыстыру жасауға мүмкін болды.

Аталған зерттеуді дайындау барысында салыстырмалы түсінік қалыптастыру мақсатында еліміздің және әлем авторларының әдебиеттеріне, сонымен қатар заңдарға және құқықтық актілерге, зерттеу мәселесі бойынша сарапшылардың пікірлеріне талдау жасалды.

Зерттеудің мақсаты қалалық орта сапаны жетілдіру үшін қажетті өзекті мәселелерді талдау және сол мәселелердің шешу жолдарын табу болды. Нәтижесінде негізгі тұжырымдар жасалды. Бұл Қазақстанның әр қаласында урбанистиканы зерттеу деңгейінің әртүрлі болуы. Сондай-ақ ЖАО тарапынан жаяу жүргіншілерге деген көзқарастың төмендігі.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әртүрлі тәжірибені салыстырмалы талдау жасалды. Өзіңізге белгілі болатындай, мемлекеттік органдардың функциялары арасындағы өзгешеліктерді анықтау үшін салыстырмалы талдау керек. Осының негізінде белгілі бір пікір қалыптастыруға мүмкін болады.

Бұдан бөлек, мәселені зерттеу барысында урбанистиканың зерттелу деңгейі мен жаяу жүргіншілерге арналған қолайлы ортаны қалыптастыру туралы сарапшылар арасында сауалнама әдісі пайдаланылды. «Google» платформасы арқылы сауалнама онлайн түрде жүргізілді. Сауалнаманы онлайн жүргізу нәтижесінде: біріншіден, қатысушылардың анонимділігі, қысқа мерзім ішінде жауап беруі, сұрақтарды дайындауға және таратуға аз күш жұмсау арқылы сарапшылардың көп бөлігін қамту.

Тағылымдама барысында ЖАО қызметінде орын алатын өзекті мәселелер туралы мәлімет жинақталды. Сонымен қатар, Астана, Шымкент қалаларының жергілікті тұрғындарының аяқжолдарға қолжетімділік мәселелері зерделенді.

Магистрлік жобаның авторы Астана, Шымкент қалаларының орталық көшелерінде жаяу жүргіншілерге жасалған жағдайға зерттеу жүргізу нәтижесінде урбанистика мәселесін терең түсінуге, осы салаға жан-жақты қарауға, сонымен қатар, ЖАО үшін әдістемелік ұсынымдарды дайындауға мүмкіндік берді.

### **Талдау және зерттеу нәтижелері**

Жалпы, қалаларды дұрыс және оңтайлы жоспарлау мәселелері бірнеше жылдан бері дүниежүзінің урбанистерінің, саясаткерлер мен әлеуметтанушылардың басты күн тәртібіне айналды. Тұрғындардың коммуникацияларының нәтижесінде пайда болып, дамып келе жатқан қалалар сәулеттік құрылысын өзгерткеннен ғана емес, технологиялық факторлардың ықпалымен коммуникациялар бұзылуда. Егер бұрын қалалар негізінен экономикалық тұрғыдан қаралып, елдің әл-ауқатын арттыратын қозғаушы күш ретінде қабылданса, бүгінгі таңда қалалықтардың әлеуметтік көңіл-күйі мен тұрмыс сапасын жақсартуына баса мән беріледі. Ауа-райының өзгеруі жағдайында азық-түлік және экологиялық қауіпсіздік мәселелері, техногендік қатерлер Нью-Йорктен бастап Токиоға дейін әлемнің жүздеген ірі қалаларының дамуындағы ұстанымдарды түбегейлі өзгертті. Түрлі атаулары мен басымдықтарына: «Safe city» («Қауіпсіз қала»), «E-city» («Электронды қала»), «Sustainable city» («Орнықты қала»), «Smart City» (Ақылды қала) және тағы

басқаларына қарамастан, бүкіл заманауи урбанистика тұжырымдамалары қолайлы қалалық ортаны құруға, адамның қоршаған ортамен қатар үйлесуіне бағытталған. Бұл ретте, қалалардың басты құндылығы – олардың тұрғындары, ал олардың әлеуметтік көңіл-күйінің деңгейі қалалық жоспарлау мен басқаруда басымдық болып табылады. Қала көшелерін, қоғамдық орындар мен кеңістіктер тұрғындардың денсаулығына әсер ететін, көңіл-күйін қалыптастыратын немесе түсіретін сезімтал жүйе ретінде қарастыруға болады. Мүмкін, урбанист – бұл мамандық емес, қызмет түрі емес, құзыреттілік саласы ретінде қарастыру жөн болар. Бұл әлеуметтанушы, географ, сәулетші және басқа да заманауи тұрғыдағы қала тұрғынына қажетті іргетас. Урбанистика – бұл тек саябақтар, орындықтар, тротуарлар мен трамвайлар ғана емес екендігін түсініп алу қажет. Урбанистика – бұл қаладағы өмір мен байланыс туралы, ол адамдар туралы.

Осы жобаның кіріспесінде аталып өткендей, Қазақстандағы алғашқы урбанистика орталығы Алматы қаласын дамыту орталығында пайда болды. Урбанистика орталығының негізгі міндеті – қала тұрғындары мен қала әкімшілігі арасында диалог құру арқылы қаланың жайлылығын дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу. Орталықтың алғашқы және маңызды жобаларының бірі трамвай депосы аумағындағы қоғамдық кеңістіктің ең үздік тұжырымдамасына конкурс өткізу болды. Тағы бір ірі жоба – қалалық саябақтарды, гүл бақтарын, бульварларды, аллеяларды және тоғайларды ауқымды зерттеу. Зерттеу нәтижелері бойынша 22 саябақты, аллеяларды және желекжолдарды қайта жаңарту үшін нобайлық жобалар жасалды. Алдағы уақытта велосипед және жүгіру жолдары желілері бар қалалық жасыл дәліз құру мақсатында қалған саябақтардың эскиздерін әзірлеуді жалғастыру жоспарлануда. Урбанистика орталығы қалалық зерттеулер жүргізеді, қоғамдық бастамаларды қолдайды, ашық шеберханалар мен мастер-кластар ұйымдастырады, қалалық кеңістіктер мен қаланың жайлы тұрмысын дамыту үшін кәсіби қауымдастықтармен тәжірибе алмасуды жүргізеді [2].

Жалпы урбанистика өмірдің қауіпсіздігі, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, қала құрылысы қызметі, кумақты жоспарлау және дамыту және т.б. сияқты реттеудің әртүрлі салаларының талаптарын біріктіреді және теңестіреді. Құжат негізінде қалаларда тұрғын үй және көпфункционалды құрылыс аумақтарын дамыту саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша кешенді ұсыныс қалыптастырылады. Қала тұрғындарының тұрақты өсуі – бүкіл әлемге тән үрдіс. Қалаларда қалыптасқан ахуал сәулетшілер мен урбанистер, қала әкімшіліктері мен жалпы қала тұрғындары үшін жаңа мәселелер туғызуда. Қала ұлттық экономиканың күретамыры ретінде инвестиция мен адами капиталды тарту жолында ұдайы күресіп келеді. Осыған орай, жайлылық, ықшамдылық пен экологиялық тазалық ұғымдарының да маңыздылығы артты. Қаланы дамыту мәселесі қашан да басты назарда болмақ. Сондықтан да дамыған инфрақұрылымның қолжетімділігі, тұрмыс-тіршіліктің жайлылығы мен адамның қала тұрғыны ретіндегі орны өмір сүрудің өзегіне айналды. Қала жанды

тіршілік сияқты тұрғындардың сәулет, көлік желілері мен мәдениетке деген сұраныстарына сай өркендеп, кескін-келбетін өзгертіп отырады.

Астана және Шымкент қалаларының сарапшыларымен сұхбаттасу барысында Қазақстанның қалаларында жаяу жүргіншілерге қолайлы ортаны қамтамасыз ету үшін бірнеше шараларды қолдануға болатыны ұсынылды:

- Аяқжолдар мен жаяу жүргіншілер аймақтарын құру: тротуарларды жобалау және қайта құру бірінші кезектегі міндеттер болуы керек. Жаяу жүргіншілерге арналған тегіс беті бар кең тротуарлар негізгі көшелер бойында және жаяу жүргіншілер белсенділігі жоғары жерлерде қамтамасыз етілуі керек. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіз жүруіне мүмкіндік беру үшін көліктер шектеулі немесе тыйым салынған жаяу жүргіншілер аймақтарын құру да маңызды.

- Аяқжолдарды абаттандыру және көгалдандыру: жаяу жүргіншілерге жағымды атмосфера жасау үшін тротуарлардың бойына ағаштар, бұталар, гүлзарлар мен орындықтар сияқты қосымша элементтер орнатылуы керек. Олар қала тұрғындары үшін көлеңке, демалыс және қоғамдық кеңістікті қамтамасыз етеді.

- Жаяу жүргіншілер аймақтары мен жаяу жүргіншілер көпірлері: жаяу жүргіншілер көшелерін, алаңдар мен саябақтарды қоса алғанда, жаяу жүргіншілер аймақтарын дамыту Қазақстанның қалаларын жаяу жүргіншілер үшін тартымды етуге көмектеседі. Жолдар мен өткелдерден қауіпсіз өту үшін жаяу жүргіншілер көпірлері мен жерасты өткелдерін қамтамасыз ету де маңызды.

- Қауіпсіз қозғалысты ұйымдастыру: ыңғайлы жаяу жүргіншілер ортасын құру кезінде жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Бұл жаяу жүргіншілер бағдаршамдарын, нақты қозғалыс ережелері бар жаяу жүргіншілер аймақтарын ұйымдастыруды және қараңғыда жеткілікті жарықтандыруды қамтамасыз етуді қамтуы мүмкін.

- Жаяу және велосипед жолдары желісін дамыту: жаяу және велосипед жолдарын қамтамасыз ету белсенді өмір салтын қалыптастыруға, сондай-ақ қысқа сапарлар үшін көліктерді пайдалануды азайтуға көмектеседі. Бұл сонымен қатар жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қауіпсіздігін арттырады.

- Қоғамдық көлік: қоғамдық көлікті дамыту және жаяу жүргіншілерге ыңғайлы аялдамалар жасау адамдарды жеке көліктердің орнына қоғамдық көлікті пайдалануға ынталандыруға көмектеседі.

- Мүгедектердің қажеттіліктерін есепке алу: жаяу жүргіншілер ортасын жоспарлау кезінде мүгедектердің қажеттіліктерін ескеру маңызды. Мүгедектер арбасына, пандустарға және басқа да құрылыстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге көмектеседі.

Бұл еліміздің қалаларында жаяу жүргіншілерге қолайлы ортаны ұйымдастыру үшін қабылдануы мүмкін бірнеше шаралар ғана. Жергілікті қажеттіліктер мен ерекшеліктерді ескеру үшін жергілікті тұрғындармен және қала құрылысы және қала құрылысы мамандарымен кеңесу маңызды.

Жаяу жүргіншілер үшін қолайлы ортаны қалыптастыру ірі қалалардың урбанистік дамуының маңызды аспектісі болып табылады. Ыңғайлы жаяу жүргіншілер ортасын құру қала тұрғындарының белсенді өмір сүруіне ықпал етеді, автомобильдерге тәуелділікті азайтады және қалалардың экологиялық тұрақтылығына ықпал етеді. Сұхбатқа қатысқан сарапшылар жаяу жүргіншілерге қолайлы ортаны қалыптастыру бойынша келесі факторларды атап өтті:

**Қауіпсіздік:** жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі басымдыққа ие болуы керек. Бұған өткелдер мен жаяу жүргіншілер өткелдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жаяу жүргіншілер бағдаршамдарын орнату, жаяу жүргіншілер мен жүргізушілердің көрінуін қамтамасыз ету кіреді.

**Инфрақұрылым:** кең тротуарларды, жаяу жүргіншілер аймақтарын, жаяу жүргіншілер көпірлерін және жерасты өткелдерін қамтитын жақсы жабдықталған жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын құру қажет. Тротуарлар тегіс, кедергісіз, барлық жас топтары мен қабілеттері бар жаяу жүргіншілер үшін өте қолайлы болуы керек.

**Көгалдандыру және абаттандыру:** жасыл кеңістіктер, саябақтар, скверлер мен алаңдар жаяу жүргіншілер үшін жағымды атмосфера жасайды. Орындықтардың, субұрқақтардың, мүсіндердің және басқа да абаттандыру элементтерінің болуы жаяу жүргіншілердің демалуына және жайлылығына ықпал етеді.

**Кіші сәулеттік пішіндер, орындықтар, урналар және велосипед тұрақтары** сияқты сыртқы жиһаздарды орналастыру жаяу жүргіншілерге ыңғайлы және функционалды кеңістіктер жасауға көмектеседі.

**Жарықтандыру:** тротуарлар мен жаяу жүргіншілер аймақтарында жеткілікті жарықтандыруды қамтамасыз ету түнде қауіпсіздік пен жайлылықтың маңызды факторы болып табылады.


**Барлық жаяу жүргіншілер топтарының қажеттіліктерін есепке алу:** жаяу жүргіншілер ортасын жоспарлау кезінде барлық жаяу жүргіншілер топтарының, соның ішінде балалардың, қарттардың, мүгедектердің және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қажеттіліктерін ескеру қажет. Бұл пандустарды, бедерлі жабындарды және барлығына қолжетімділікті қамтамасыз ететін басқа элементтерді орнатуды қамтуы мүмкін.

**Қоғамдық көлікпен интеграция:** қоғамдық көлік аялдамаларымен байланысты ыңғайлы және қауіпсіз жаяу жүру жолдарын құру қоғамдық көлікті пайдалануға және автомобильдерді пайдалануды азайтуға ықпал етеді.

**Жұртшылықтың қатысуы:** жаяу жүргіншілер ортасын жоспарлау және дамыту процесіне тұрғындарды тарту маңызды. Қала тұрғындарының пікірлері мен қажеттіліктерін ескеру олардың үміттері мен талаптарына сәйкес келетін ортаны құруға көмектеседі.

**Әр қаланың қолайлы жаяу жүргіншілер ортасын қалыптастырудағы өзіндік ерекшеліктері мен сын-тегеуріндері бар.** Табысты даму қала билігі, қала құрылысы ұйымдары, жұртшылық және басқа да мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастықты қамтитын кешенді тәсілді талап етеді.

Бұған қоса, 2023 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша Шымкент қаласының ЖАО штаттық саны – 752, Астана қаласы – 879, Абай облысы – 1868, Жетісу облысы – 1735, Ұлытау облысы – 752 мемлекеттік қызметкерді құрайды [18]. Өз кезегінде ағымдағы жылдың 1 наурызындағы жағдайға сәйкес, Шымкент қаласы халқының саны 1,2 млн. жуық адам болса, Астана қаласы – 1,3 млн. астам, Абай облысы – 610 мыңнан астам, Жетісу облысы – 700 мыңға жуық, Ұлытау облысы – небәрі 221 мың адамды құрайды (1-сурет).



1-сурет – Орталық және жергілікті атқарушы органдар бөлінісіндегі кадрлық көрсеткіштер жөніндегі мәлімет

Ескертпе – [18] мәліметтерді талдау негізінде автормен құрастырылған.

Менің пайымдауымша, халық санының өсуіне байланысты өңірлердегі басқару жүйесін оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру өте маңызды. Себебі, өңірлерде демографиялық, әкімшілік теңгерімсізді анық.

Елімізде ұлттық деңгейде жүзеге асырылатын саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құруларға нақты өңірлердің бейімділік қабілетін анықтау қажеттілігі туындап отыр.

Өкінішке орай, бүгінде қалалар аумағында жер-қазба жұмыстары заң талаптарын бұза отырып жүргізілуде (2-сурет).



2-сурет – Шымкент қаласының аумағындағы тротуарды бұзып, жер-қазба жұмыстарын жүргізу жөніндегі мәлімет  
Ескертпе – зерттеу нәтижесінде түсірілген суреттер.

Бұл суреттерден келесі мәселені түсінуге болады: қалаларда аяқжолдарды салу, қайту құру, жөндеу жұмыстарымен әр түрлі бюджет әкімшісі айналысатыны анық. Демек, қаланың орталық көшесінің құрылысын жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы жүргізіп, сол көшенің бойына аяқжол салу және абаттандыруды қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы жасайды.

Жаяу жүргіншілерге қолайлы орта қалыптастыру бойынша қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға мемлекеттік қызметкерлерден бастап осы саланың сарапшыларына дейін түрлі қызмет салаларын қамтитын 101 адам қатысты. Респонденттердің жасы 18-ден 64 жасқа дейін, соның ішінде көбі (65,1%) 18-36 жаста, төрттен біріне жуығы (24,5%) – 36-55 жас аралығында, ең азы (10,4%) – 55 жастан асқан азаматтар.




Сауалнаманың негізгі блогына абаттандыру сапасын бағалау, әкімдіктің осы саладағы жұмысы, әкімдіктің қолайлы орта құру жөніндегі жоспарлары, ақпарат алу құралдары және процессті оңтайландыру туралы мәліметтер кірді.

«Сіздің пікіріңізше, балалармен және бесік арбамен серуендейтін тұрғындар үшін қаншалықты жағдай жасалған?» сұрағына респонденттердің:

– 46,2%-ы «Бірқатар жағдай жасалған, бірақ бұл бағытта қосымша жұмыстар қажет»,

– 29,3%-ы «Барлық жағдай жасалған»,

– 24,5%-ы «Мүлдем жағдай жасалмаған» деген нұсқаны таңдады (3-сурет).



3-сурет – Балалармен және бесік арбамен серуендейтін тұрғындар үшін жасалған жағдай туралы мәлімет

Ескертпе – автормен 1-қосымшада көрсетілген сауалнама негізінде құрастырылған.

Сонымен қатар, «Сіз тұратын қалада жаяу жүргіншілерге арналған аяқжолдардың сапасын қаншаға бағалайсыз?» сұрағына респонденттердің:

– 51,2%-ы «Орташа» деп жауап берді, бұл да өз кезегінде әкімдік үшін ескерту белгісі болып табылады,


– 31,4%-ы «Өте жоғары» нұсқасын таңдаған,

– 17%-ы «Өте төмен» нұсқаны белгіледі.

Келесі кезектегі «Урбанистика, урбанизм, жайлы қалалық ортаны дамыту мәселелерін қай кезеңнен бастап зерттеу, баулу керек деп ойлайсыз?» сұрағы бойынша респонденттердің басым көпшілігі (85,5%) «Аталғандардың барлығы» нұсқасын таңдаған, қалған респонденттер «БАҚ» (7,1%) немесе «Жұмыстан» (5,5%) дауыс беруді таңдаған (4-сурет).



## Урбанистика, урбанизм, жайлы қалалық ортаны дамыту мәселелерін қай кезеңнен бастап зерттеу, баулу керек деп ойлайсыз?



4-сурет – Урбанистика, урбанизм, жайлы қалалық ортаны дамыту мәселелері туралы мәлімет

Ескертпе – автормен 1-қосымшада көрсетілген сауалнама негізінде құрастырылған.

Келесі кезекте «Халық қатысатын бюджет» бойынша іске асатын жобаларда айтарлықтай сұраныстар байқалады. Магистрлік жоба шеңберінде қорытындыларына сәйкес, олардың арасында:

- Балалар ойын алаңшалары;
- Жарыс жолдары;
- Қосымша қоқыс салатын жәшіктер, урналар;
- Жаяу жүргіншілерге арналған аяқжолдар;
- «Work-out» алаңшалары.

Жалпы Қазақстандағы ірі қалалардың урбанистикасының өзіндік ерекшеліктері бар және осы қалалар тап болатын бірегей қажеттіліктер мен сынтетеуріндерге сәйкес дамуда. Қазақстандағы ірі қалалардың урбанистік дамуының кейбір жалпы аспектілері:

Астана – қала тез дамып келеді және осыған байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Елорданы урбанистік дамытудың маңызды мақсаты оның тұрғындары үшін өмір сүру сапасы жоғары заманауи және экологиялық тұрақты қаланы құру болып табылады. Соңғы жылдары көптеген жаңа сәулет нысандары, саябақтар мен жасыл аймақтар салынды, қоғамдық көлік пен инфрақұрылым дамуда.


Алматы Қазақстанның ең ірі қаласы болып табылады және елдің экономикалық және мәдени орталығы болып табылады. Алматыда урбанистиканы дамыту қала тұрғындарының өмірі мен жұмысы үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Инфрақұрылымды, жаппай көлікті дамытуға,

қоғамдық кеңістікті абаттандыруға және қаланың тарихи мұрасын сақтауға көп көңіл бөлінеді. Сондай-ақ, экологиялық жағдайды жақсарту және жасыл аймақтарды құру бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Шымкент – Қазақстандағы үшінші ірі қала. Соңғы жылдары ол елдің ірі индустриалды және мәдени орталықтарының біріне айналуға ұмтылуда. Шымкенттің урбанистік дамуы өмір сүру үшін қолайлы жағдай жасауға және инвестиция тартуға бағытталған. Инфрақұрылымды дамыту, жаңа тұрғын үй және коммерциялық кешендерді салу, сондай-ақ көлік жүйесі мен қоғамдық кеңістіктерді нығайту - қала дамуының маңызды аспектілері.

Ақтөбе – Қазақстанның өнеркәсіптік орталықтарының бірі. Қаланың урбанистік дамуы инфрақұрылымды дамытуға және өнеркәсіпке инвестициялар тартуға бағытталған. Соңғы уақытта қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, жаңа тұрғын үй кешендерін салу және қоғамдық көлік жүйесін дамыту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Бұл Қазақстандағы ірі қалалардың урбанистік дамуының кейбір мысалдары ғана. Әр қаланың өзіндік ерекшеліктері мен даму басымдықтары бар, бірақ жалпы мақсат – тұрғындар үшін заманауи, ыңғайлы және тұрақты қалалар құру.



5-сурет – Урбанистика, урбанизм, жайлы қалалық ортаны дамыту мәселелері туралы мәлімет

Ескертпе – [21] мәліметтерді талдау негізінде автормен құрастырылған.

Урбанистика саласы бойынша нормативті-құқықтық құжаттар және ғылыми мақалаларды зерделеу барысында бірқатар қиындықтар туындады. Ең алдымен ақпараттық-құқықтық жүйесінде «іздеу» деген бастырма арқылы «урбанистика» сөзін енгізу сәтінде лайықты құжаттың жоқтығы анықталды (5-сурет). Бұдан бөлек мемлекеттік тілде «урбанистика» туралы ғылыми мақалалардың жоқтығы байқалады [22].



6-сурет – Астана қаласы. Керей-Жәнібек хандар – Сауран көшелерінің қиылысы. Бесік арбамен серуендейтін тұрғындар үшін қолайсыз аяқжол  
Ескертпе – зерттеу нәтижесінде түсірілген сурет.

Жалпы, жаяу жүргіншілер үшін қолайлы ортаны қалыптастыруды урбанистика аясында қарастыру қажет (6-сурет). Өз кезегінде урбанистикаға деген көзқарасты жоғары оқу орындарынан бастап, ғылыми орта мен мемлекеттік органдар деңгейінде өзгерту керек. Еліміздің өңірлерінде урбанистика, қолайлы орта сапасы, абаттандыру, көріктендіру, көгалдандыру мәселелерімен әр түрлі мемлекеттік орган айналысады. Нәтижесінде, қала тұрғындары, оның ішінде жаяу жүргіншілерге арналған қауіпсіз әрі ыңғайлы жағдай құру шаралары кешенді түрде жасалмайды. Демек, азаматтардың билікке деген қанағаттану деңгейі төмендеуі әбден мүмкін.

### **Қорытынды**

Сәулет және қала құрылысы іс-шаралары көп жағдайда қоғамның санасы мен жан дүниесін байытуға бағытталған болатын. Құрылыстың күрделі және жетілдірілмеген қағидаларына түзету енгізу арқылы қала маңы көркейді әрі көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, оның тұрғындарының қала орталығына

жетуі ұзақ сапарларға айналды. Бұл үрдіс өз кезегінде қалалардың одан әрі дамуын айқындады.

Қала маңындағы құрылыс батыл кәсіпкерлік шешім болып табылады. Жеке ауларсы бар отбасына арналған жеке үйлер жеке жайлылық туралы жоспарлардың іске асырылғандығын көрсетті. Бұл тұтынудың өсуіне әкелді.

Әлемдегі әр қала сырт көзге көріне бермейтін өз ережелеріне сай өмір сүреді. Жол белгілері мен бағдаршамдар, жолдар мен жолақтар, жаяужолдар мен қиылыстардың барлығы көшелердің басты бөліктерін құрайды. Қала тұрғындары көшеде еркін жүру мүмкіндігінен айырылды. Олар көшелердің жайлы қоғамдық ортаға айналғанын қалайды.

Қала орталығында «жасыл көше» құрылысыны сараптамалық бағасын дайындау, жол қозғалысын ұйымдастыру саласындағы жобаның ең күрделі талдауына айналды. Жалпы қала аумағында жеке автокөліктердің қозғалысына тыйым салу мәселесіне қоғамдық көлікке, көше саудасы мен жаяу жүргіншілер ағымына әсер ету есебі де ескерлу қажет. Қазіргі уақытта тасымалдау экономикасы, қозғалыс жылдамдығы және жолаушылар ағыны бойынша деректер маңызды екен. Бар мәселе дұрыс ұйымдастырылмаған жол қозғалысынан туындайды. Көшелер адамның жасына немесе денсаулығының ерекшеліктеріне қарамастан, барлығына бірдей қауіпсіз және қарапайым болуы керек. Ең маңыздысы осы жобаларға алғашқы серпін беру болды. Қалалық инфрақұрылымға немқұрайлы қарау жалпыұлттық дағдарыстың өзегі болып табылады.

Урбанистика саласы бойынша шетелдік тәжірибені еліміздің ірі қалаларында қолдану жайлы орта сапасының маңызды бөлігіне айналатыны сөзсіз. Әлемнің түрлі мегаполистерінің тәжірибесін қолдану алдағы уақытта облыс орталықтарын көріктендіру бағытында салыстырмалы әрі баға жетпес талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі қоғамда қарапайым тұрғындардың әл-ауқатын көтеру, олардың қажеттіліктері басты назарда болуы керектігі белгілі болды.

Қалалық жайлы ортаны ұйымдастыру барысында жергілікті тұрғындармен тікелей байланыс орнату арқылы олардың мемлекеттік органдарға деген көзқарасын анықтауға мүмкіндік береді.

Тұрғындардың сауаладары мен өтініштерін жинақтап, саралау нәтижесінде алынған ақпарат алдағы уақытта абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге тиімді болатынына көз жеткіздік.

Урбанистика саласына қатысты жарияланған ғылыми мақалалар, диссертациялардағы ақпараттарда шетелдік озық тәжірибелермен танысуға болады [23].

Жалпы әдебиеттерге шолу жүргізу кезінде Қазақстанда қолдануға болатын танымды әрі пайдалы ақпарат, бірқатар қызықты бастамалар мен шешімдерді кездестеруге болады.

Еліміздегі урбанистер қауымдастығының бастамасымен қазақ тілінде көптеген мәліметтер әзірленген. Ендігі кезекте осы бағыттағы жұмыстарды

жалғастыру қажет. Жинақталған ұсыныстар қалалық жайлы ортаны дамыту процесіне оң септігін тигізеді деп есептеймін.

Осы магистрлік жұмыста қала құрылысын жоспарлау, оның ішінде қала билігі тұрғындарымен өзара қарым-қатынасты орнатып және жетілдіре отырып, олардың қажеттіліктерін және қаланың өмір сүру ортасын жақсартудағы әрекеттер бойынша пікірлері мен жауап-әсерін жоспарлау кезеңінен бастап ескеру сәтті мемлекеттің маңызды бөліктерінің бірі екендігі дәлелденді. Бұл өз кезегінде қабылданған басқару шешімдеріне халықтың сенімін арттырады.

### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі:**

1 Урбанистер Қазақстанда бар ма? [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://baribar.kz/card/urbanister-qazaqstanda-da-tirshilik-ete-me/>. – Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

2 Q88 Қазақстан урбанистер қауымдастығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <http://q88.kz/kz>. – Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

3 Варламов И., Кац М. 100 советов мэру. Книга рецептов хорошего города. Мәскеу: Альпина нон-фикшн, 2020. – 463 б.

4 Монтгомери, Ч. Счастливый город: Как городское планирование меняет нашу жизнь /ағылшын тілінен Ю.Константинова аударды, Мәскеу: Манн, Иванов and Фербер. 2019. – 392 б.

5 Садик-Хан, Дж., Соломонов, С. Битва за города. Как изменить наши улицы. Революционные идеи в градостроении /ағылшын тілінен «Олимп – Бизнес» баспасы аударды, Мәскеу: Олимп – Бизнес, 2017 – 401 б.

6 Гейл, Я. Города для людей. /ағылшын тілінен «Альпина Паблишер» баспасы аударды, Мәскеу: КРОСТ, 2012 – 276 б.

7 Стоппер, М. Ключи от города. Как устройство развитие? /ағылшын тілінен О.Шамина аударды, Мәскеу: Стрелка, 2018 – 368 б.

8 Авторлар ұжымы. Аумақтарды кешенді дамыту стандарты. Астана: 2023 – 300 б.

9 Әділетті Мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>. – Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

10 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын бекіту туралы 2021 жылғы 12 қазандағы № 729 қаулысы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000729>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

11 Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 1 қаңтардағы «Агломерацияларды дамыту туралы» №181-VII Заңы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000181>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

12 Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-183555>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

13 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» №296 Заңы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000296>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

14 Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» №258 Заңы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000258>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

15 Ерікті ұлттық шолу [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: [https://economy.kz/kz/Celi\\_ustojchivogo\\_razvitija/Nacionalnyj\\_otchet/](https://economy.kz/kz/Celi_ustojchivogo_razvitija/Nacionalnyj_otchet/). Жүгінген



күні: 27.05.2023 ж.

16 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Шымкент қаласының әкімшілік шекарасын өзгерту туралы» 2013 жылғы 18 қазандағы № 1110 қаулысы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001110>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

17 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: [https://akorda.kz/kz/legal\\_acts/decrees/kazakstan-respublikasynyn-akimshilik-aumaktyk-kurylysynyn-keibir-maseleleri-turaly](https://akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasynyn-akimshilik-aumaktyk-kurylysynyn-keibir-maseleleri-turaly). Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

18 Орталық және жергілікті атқарушы органдар бөлінісіндегі кадрлық көрсеткіштер жөніндегі мәлімет [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet/documents/details/442095?lang=kk>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

19 Астана қаласы әкімдігінің «Астана қаласы «Байқоңыр» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесін құру туралы» 2018 жылғы 15 наурыздағы № 06-438 қаулысы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G18ABW6438A>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

20 Шымкент қаласы әкімдігінің «Шымкент қаласының Еңбекші ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 1698 қаулысы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G21E001698A>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

21 Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде «іздеу» деген бастырма арқылы «урбанистика» туралы құжаттарды іздеу нәтижесі [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext=%D0%A3%D1%80%D0%B1%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

22 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының электронды каталог жүйесіндегі электронды кітапханасында кітаптар, ғылыми мақалалар, мерзімді басылымдар, авторефераттар, аудиожазбалар, диссертациялар, бөлігінде «іздеу» деген бастырма арқылы «урбанистика» туралы құжаттарды іздеу нәтижесі [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://aibs.apa.kz/MegaPro/Web/SearchResult/Simple>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

23 «Google Academic» ғылыми және академиялық мақалаларды іздеу жүйесі [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: [https://scholar.google.com/scholar?hl=ru&as\\_sdt=0%2C5&q=urbanistics&btnG=&q=urbanistics](https://scholar.google.com/scholar?hl=ru&as_sdt=0%2C5&q=urbanistics&btnG=&q=urbanistics). Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

## **Талдамалы жазба**

Жоба авторы: К.С. Кошаков  
Ғылыми жетекші: С.Б. Исабаева



<b>Жоба идеясы</b>	Жаяу жүргіншілерге қолайлы орта жасауды жетілдіру үшін ұсынымдарды әзірлеу
<b>Проблемалық жағдай (кейс)</b>	– Саладағы нормативтік-құқықтық құжаттардың жетілмегендігі – Урбанистика ұғымының зерттелмегендігі
<b>Аталмыш проблеманың қазір де бар шешімдері</b>	– «Q-88» Қазақстан урбанистер қауымдастығы – Әлеуметтік желілер – Қазақстан Республикасының Қала құрылысы кодексі
<b>Аталмыш проблеманың ұсынылатын шешімі</b>	– Урбанистика мәселесімен айналысатын ЖАО тиісті басқармасын Алматы қаласының мысалында анықтау; – Жаяу жүргіншілерге қолайлы ортаны қалыптастыратын бірыңғай бюджет әкімшісін белгілеу.
<b>Күтілетін нәтиже</b>	Қала тұрғындарының озық, заманауи үлгіде жасалған қолайлы, қауіпсіз ортада өмір сүру, жаяу серуендеу арқылы жергілікті билікке оң көзқарасының деңгейінің өсуі және сенімнің артуы
<b>Әдебиет</b>	<p>1 Урбанистер Қазақстанда бар ма? [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <a href="https://baribar.kz/card/urbanister-qazaqstanda-da-tirshilik-ete-me/">https://baribar.kz/card/urbanister-qazaqstanda-da-tirshilik-ete-me/</a>. – Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.</p> <p>2 Q88 Қазақстан урбанистер қауымдастығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <a href="http://q88.kz/kz">http://q88.kz/kz</a>. – Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.</p> <p>3 Варламов И., Кац М. 100 советов мэру. Книга рецептов хорошего города. Мәскеу: Альпина нон-фикшн, 2020. – 463 б.</p> <p>4 Монтгомери, Ч. Счастливый город: Как городское планирование меняет нашу жизнь /ағылшын тілінен Ю.Константинова аударды, Мәскеу: Манн, Иванов and Фербер. 2019. – 392 б.</p> <p>5 Садик-Хан, Дж., Соломонов, С. Битва за города. Как изменить наши улицы. Революционные идеи в градостроении /ағылшын тілінен «Олимп – Бизнес» баспасы аударды, Мәскеу: Олимп – Бизнес, 2017 – 401 б.</p> <p>6 Гейл, Я. Города для людей. /ағылшын тілінен «Альпина Паблишер» баспасы аударды, Мәскеу: КРОСТ, 2012 – 276 б.</p> <p>7 Сторпер, М. Ключи от города. Как устройство развитие? /ағылшын тілінен О.Шамина аударды, Мәскеу: Стрелка, 2018 – 368 б.</p> <p>8 Авторлар ұжымы. Аумақтарды кешенді дамыту стандарты. Астана: 2023 – 300 б.</p>

9 Әділетті Мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>. – Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

10 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын бекіту туралы 2021 жылғы 12 қазандағы № 729 қаулысы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000729>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

11 Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 1 қаңтардағы «Агломерацияларды дамыту туралы» №181-VII Заңы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000181>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

12 Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

13 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» №296 Заңы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000296>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

14 Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» №258 Заңы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000258>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

15 Ерікті ұлттық шолу [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: [https://economy.kz/kz/Celi\\_ustojchivogo\\_razvitija/Nacionaln\\_yj\\_otchet/](https://economy.kz/kz/Celi_ustojchivogo_razvitija/Nacionaln_yj_otchet/). Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

16 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Шымкент қаласының әкімшілік шекарасын өзгерту туралы» 2013 жылғы 18 қазандағы № 1110 қаулысы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі:

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001110>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

17 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: [https://akorda.kz/kz/legal\\_acts/decrees/kazakstan-respublikasynyn-akimshilik-aumaktyk-kurylysynyn-keibir-maseleleri-turaly](https://akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasynyn-akimshilik-aumaktyk-kurylysynyn-keibir-maseleleri-turaly). Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

18 Орталық және жергілікті атқарушы органдар бөлінісіндегі кадрлық көрсеткіштер жөніндегі мәлімет [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet/documents/details/442095?lang=kk>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

19 Астана қаласы әкімдігінің «Астана қаласы «Байқоңыр» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесін құру туралы» 2018 жылғы 15 наурыздағы № 06-438 қаулысы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G18ABW6438A>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

20 Шымкент қаласы әкімдігінің «Шымкент қаласының Еңбекші ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 1698 қаулысы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G21E001698A>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

21 Ақпараттық-құқықтық жүйесінде «іздеу» деген бастырма арқылы «урбанистика» туралы құжатты іздеу нәтижесі [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext=%D0%A3%D1%80%D0%B1%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0>. Жүгінген күні: 27.05.2023 ж.

## 1-қосымша

### Анкеталық сауалнама / Анкетный опрос

## Қазақстан Республикасындағы ірі қалаларды басқару ерекшеліктері

## **Особенности управления крупными городами в Республике Казахстан**

Құрметті респондент! Бұл сауалнама Қазақстанның ірі қалаларын басқаруда урбанистика саласының әсерін анықтау мақсатында құрылған. Сауалнаманы толтыру 10 минуттан аспайды. Сіздің жауаптарыңыз құпия және жасырын және тек осы зерттеу аясында пайдаланылады.

Уважаемый респондент! Данный опрос создан с целью определения влияния сферы урбанистики на управление крупными городами Казахстана. Заполнение анкеты займет не более 5 минут. Ваши ответы конфиденциальны и анонимны и будут использованы только в рамках данного исследования.

### **1. Жасыңызды көрсетіңіз / Укажите Ваш возраст:\***

- 18-35/18-35
- 36-63/36-63
- 63-ден жоғары/63 и старше

### **2. Жынысыңызды көрсетіңіз / Укажите Ваш пол:\***

- Ер адам/Мужской
- Әйел адам/Женский

### **3. Сіз тұратын өңірді көрсетіңіз / Укажите Ваш регион:\***

- Астана қ./г.Астана
- Алматы қ./г.Алматы
- Шымкент қ./г.Шымкент
- Ақмола облысы/Акмолинская область
- Ақтөбе облысы/Актюбинская область
- Алматы облысы/Алматинская область
- Атырау облысы/Атырауская область
- Абай облысы/Абайская область
- Шығыс Қазақстан облысы/Восточно-Казахстанская область
- Жамбыл облысы/ Жамбылская область
- Жетісу облысы/Жетысуская область
- Батыс Қазақстан облысы/Западно-Казахстанская область
- Қарағанды облысы/Карагандинская область
- Қостанай облысы/Костанайская область
- Қызылорда облысы/Кызылординская область
- Маңғыстау облысы/Мангистауская область
- Павлодар облысы/Павлодарская область
- Солтүстік Қазақстан облысы/Северо-Казахстанская область
- Түркістан облысы/Туркестанская область
- Ұлытау облысы/Улытауская область

### **4. Сіз тұратын мекен қандай типті? / Место которое вы проживаете какого типа? \***

- Республикалық маңызы бар қала / Город республиканского значения
- Облыс орталығы / Областной центр

- Моноқала / Моногород
- Басқа: / Другое:

**5. Сіздің пікіріңізше, балалармен және бесік арбамен серуендейтін тұрғындар үшін қаншалықты жағдай жасалған? / Какие, на ваш взгляд, условия созданы для жителей прогуливающих с детьми и детскими колясками? \***

- Барлық жағдай жасалған / Созданы все условия
- Бірқатар жағдай жасалған, бірақ бұл бағытта қосымша жұмыстар қажет / Созданы некоторые условия, но необходимы дополнительные работы в этом направлении
- Мүлдем жағдай жасалмаған / Никаких условий нет

**6. Сіз тұратын қалада жаяу жүргіншілерге арналған аяқжолдардың сапасын қаншаға бағалайсыз? (1-5 баллдық шкалада) / На сколько вы оцениваете качество тротуаров для пешеходов в городе вашего проживания? (по бальной шкале от 1 до 5) \***

- 1
- 2
- 3
- 4
- 5

**7. Урбанистика, урбанизм, жайлы қалалық ортаны дамыту мәселелерін қай кезеңнен бастап зерттеу, баулу керек деп ойлайсыз? / Как Вы считаете, когда необходимо изучать, прививать вопросы развития урбанистики, урбанизма, комфортной городской среды? \***

- Отбасыдан / С семьи
- Мектептен / Со школы
- Жоғары оқу орнынан / В высших учебных заведениях
- Жұмыстан / С работы
- БАҚ арқылы / Через СМИ
- Аталғандардың барлығы / Все вышеперечисленные
- Басқа:/ Другое:

**8. Сіздің ойыңызша, жергілікті атқарушы органдардың «І-Комек» жобасын жүзеге асыруы қалалық жайлы ортаны қалыптастыруда жүзеге асыруда өз көмегін тигізеді. / По вашему мнению, осуществление проекта «І-Комек» местными исполнительными органами поможет в формировании комфортной городской среды. \***

- Келісемін / Согласен (-а)
- Келіспеймін / Не согласен (-а)
- Жауап беруге қиналамын / Затрудняюсь ответить

**9. ҚР Q-88 урбанистер қауымдастығының қызметімен таныссыз ба? / Знакомы ли Вы с деятельностью Ассоциации урбанистов РК Q-88? \***

- Иә, таныспын / Да, я знаком(-а)
- Бірдеңе естідім, бірақ нашар білемін/Что-то слышал (-а), но плохо знаком
- Жоқ, бірінші рет естіп тұрмын/Нет, впервые слышу

**10. Сіздің ойыңызша «Халық қатысатын бюджет» аясында бірінші кезекте қандай жұмыстар атқарылуы қажет? (сіздің ұсынысыңыз, нені жақсартқыңыз келеді?)/ Какие работы, по вашему мнению, необходимо выполнять в первую очередь в рамках «Бюджета народного участия»? (ваше предложение, что вы хотите улучшить?) \***

- Балалар ойын алаңшалары / Детские игровые площадки
- Жарыс жолдары / Беговые дорожки
- Қосымша қоқыс салатын жәшіктер, урналар / Дополнительные мусорные контейнеры, урны
- Жаяу жүргіншілерге арналған аяқжолдар / Тротуары для пешеходов
- Work-out алаңшалары / Work-out площадки
- Өз жауабыңыз: / Ваш ответ:

**2-қосымша**

**Сараптамалық сұхбат**

Қайырлы күн, менің аты-жөнім Кошаков Канат Сирлибаевич. Мен, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының 2-курс магистрантымын. Магистрлік жоба аясында «Қазақстан Республикасындағы ірі қалаларды басқару ерекшеліктері» тақырыбында зерттеу жүргізудемін.

Қазақстанның ірі қалаларында урбанистика саласын дамыту туралы Сіздің пікіріңіз өте маңызды. Диалогқа ашық болуыңызды сұраймын.

Сонымен қатар, мұнда айтылған барлық пікірлер мен тілектер тек жалпыланған түрде және тек зерттеу мақсаттары үшін қолданылады.

Сұрақтар:

1) Жергілікті атқарушы органдар бөлінісіндегі кадрлық көрсеткіштер жөніндегі мәліметке сәйкес, Астана (879 бірлік), Алматы (1251 бірлік), Шымкент (752 бірлік) қалалары бойынша мемлекеттік қызметшілердің штат санында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Бұл өз кезегінде қалалық жайлы орта сапасына және жалпы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қалай әсер етеді?

2) Әлемдік тәжірибеде, оның ішінде көршілес Ресей мемлекетінде урбанистиканы, қалалық жайлы ортаны жетілдіру 1980-1990 ж.ж. бастап зерттеліп келеді. Осы орайда, Қазақстан аумағында осы мәселеге мемлекет тарапынан тиісті көңіл бөлініп келеді деп ойлайсыз ба?

3) Қалалық жайлы орта сапасын қалыптастыруға мемлекеттік реттеумен қатар жергілікті тұрғындардың, қоғам белсенділерінің белсене араласуын арттыру жолдары қандай?

4) Қазақстанда урбанистика саласының қалыс қалуы себептерінің бірі білікті мамандардың жетіспеушілігі, кадрларды даярлау жүйесінің қалыптаспағандығы болуы мүмкін бе?

5) Урбанистика, урбанизм түсініктері қалалардың сәулеттік, туристік, көліктік-логистикалық тұрғыдан өзгеруді көздейді. Еліміздің ірі қалаларының инфрақұрылымы мұндай өзгерістерге қаншалықты дайын?

6) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заң 2001 жылы қабылданған. Бүгінде Урбанистер қауымдастығының бастамасымен қалалық аумақтарды кешенді дамыту қағидаттарының жиынтығы әзірленгені мәлім. Үкіметі тарапынан осындай ірі қалалық аумақтарды, облыс орталықтарын, моноқалалардағы жайлы ортаны дамыту бойынша заманауи бірыңғай бағдарламалық құжат дайындау қажеттілігі бар ма?

7) Өңірлерді дамыту мақсатында басшылық құрамның құзыреттері мен жауапкершілігін арттыру бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар? Мәселен, барлық деңгейдегі әкімдер жайлы орта сапасын жетілдіру бойынша нақты жоспар ұсынсын.